

4

Тарихтан
тін тартқан тағылым

8

Швейцарияда
шырқалған ән

Республика
күні

25

қазан

Сыр бойы

№162-163 (21038-21039) 25 қазан, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

ЕЛДІКТІҢ ТІРЕГІ – ЕГЕМЕНДІК

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

**Қымбатты отандастар!
Қадірлі қауым!**
Еліміздің ең басты мерекесі – Республика күні құтты болсын! Ұлттық мейрам қарсаңында дәстүрге сай Ақорда төрінде мемлекетіміздің үздік азаматтарымен бірге жиналып отырмыз. Биыл еліміз азаттықтың мерейлі белесіне жетті. Осыдан 35 жыл бұрын Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Дәл осы күні сан ғасырлық мемлекеттілік дәстүріміз қайта жаңғырды. Көп ұзамай жұртымыз Тәуелсіздік байрағын көтерді. Тарихи әділдік орнап, ұлттың рухы асқақтады. Сондықтан бұл күнді халқымыздың дербес ел болуына жол ашқан кастерлі күн деуге болады.

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат құндылығымыз. Оны сақтап, нығайта түсу – баршамызға ортақ қасиетті борыш. Егемендік – ата-бабаларымыздың ұлт мүддесі жолындағы өшпес ерлігінің айқын көрінісі. Заңғар ойшыл Әбіш Кекілбаев «Өткеннен тағылым, ертеннен үміт іздегендер ғана ілгері баса алады» деген. Біз әр кезеңде ұлт тарихында өшпес із қалдырған барлық мемлекет және қоғам қайраткерлеріне құрмет көрсетеміз, оларды ешқашан ұмытпаймыз. Сонымен бірге келешекке үлкен үмітпен, зор сеніммен қараймыз, биік максаттарға ұмтыламыз.

Осы жылдарда еліміздің бағындырған белестері аз емес. Біз жер жүзіне егемен мемлекет ретінде танылды. Шекарамызды шегендеп, іргемізді бекітіп, қауіпсіздігімізді қамтамасыз еттік. Бірлігімізді бекемдеп, татулық пен тұрақтылықтың арқасында түрлі сынақтардан сүрінбей өттік. Бүгінде жаһан жұрты еліміздің өсіп-өркендеп келе жатқанына куә болып, өз құрметін көрсетуде.

Алайда кемшіліксіз, мінсіз жұмыс болмайтыны анық. Біз өткеннен сабақ алып, ешкімге жалтақтамай, өз жолымызбен жүріп келеміз. Соңғы жылдары халықтың әл-ауқатын арттыру үшін аса маңызды қадамдар жасалды. 2019 жылы ауқымды реформалар қолға алынды. Қазақстан жаңа тұрпатты ел болу жолына түсті. Жалпыхалықтық референдум арқылы Ата Заңымызға түзетулер енгізілді. Парламенттің құзыреті кеңейді, Үкіметтің жауапкершілігі артты. Конституциялық сот құрылды. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты конституциялық мәртебеге ие болды. Биыл шілде айынан бастап Кассациялық сот жүйесі іске қосылды, бұл қоғамымызда әділеттілікті күшейтуге жағдай жасады.

Әділетті Қазақстанды құру жолында басқа да нақты шаралар қолға алынды. Азаматтарымыз мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдауға белсенді түрде араласа бастады. Ауыл, аудан



және облыстық маңызы бар қала әкімдері тікелей сайланатын болды. Ауыл әкімдерінің барлығы, ал аудан әкімдерінің 25 пайызы жанарды. Осылайша, билік жүйесі айтарлықтай өзгерді. Елімізде «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты орныға түсті. Ашығын айтсақ, осы аймақтағы билік жүйесінде мұндай ауқымды өзгеріс ешқашан болмаған.

Біз бір ел болып саяси реформаны табысты іске асырып жатырмыз, соның нәтижесі ретінде қоғамда түбегейлі жаңғыру үдерісі басталды. Реформаларымызды жүзеге асыруға барша адамзат үшін аса қиын, күрделі кезеңде кірістік. Пандемия, алпауыт елдердің санкциялық текетіресі, қалыптасқан сауда жолдарының бұзылуы, түрлі қақтығыстар мен соғыстар әлем елдерінің дамуына орасан зор шығын келтірді. Бұл жағдайлар Қазақстанға да салқынын тигізді. Дегенмен біз қажетті шараларды дер кезінде

қабылдадық. Экономикамыздың әлеуетін сақтай отырып, оны тын серпінімен дамыта түстік. 2019 жылдан бері экономикамыз 16 пайызға өсті, биыл осы көрсеткіш шамамен 137 триллион тенге, яғни 291 миллиард доллар болады деп күтілуде, бұдан да асуы мүмкін. Бұл Қазақстанның біздің аймақтағы ең үлкен экономика екенін көрсетеді. Жан басына шаққанда ішкі жалпы өнім 47 пайызға артып, 14 400 долларға жетті. Бұл – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері арасындағы ең жоғары көрсеткіштің бірі. Қазақстанның алтын-валюта резервінің көлемі 58 миллиард долларға жетті. Жеті жылда сыртқы сауда айналымы 83 пайызға артып, бүгінде 142 миллиард доллар болды.

Біз ұлттық экономиканы түбегейлі жаңғырту үшін әртараптандыруға баса мән беріп отырмыз. Әсіресе, көлік-тасымал саласын стратегиялық маңызды бағыт ретінде дамытып жатырмыз.

Қазақстан Еуразияның басты логистика орталығы, яғни хабы болуы керек. Оған еліміздің әлеуеті жетеді, мүмкіндігіміз де мол. Өткен айда «Достық-Мойынты» теміржолының екінші желісі іске қосылды. Бұл – егемендік кезеңінде салынған ең ірі теміржол құрылысы.

Сондай-ақ биыл 13 мың шақырым автокөлік жолы салынып, жөнделді. Қытай арқылы ауқымды жүк тасымалдау мүмкіндігіне ие болдық. Қазіргі халықаралық нарықтағы тұрақсыз ахуалды ескерсек, мұны үлкен жетістік деп айтуға болады.

Әуе қатынасы саласындағы табыстарымыз да аз емес. Биыл 36 жаңа әуе рейсі ашылды, олардың ішінде Азия мен Еуропаның ірі қалалары бар. Бірақ бұл жүйені одан әрі дамытуымыз керек. Оның үстіне әуе жолдары арқылы жүк тасымалдау жүйесін де (карго) нығайтуымыз қажет.

Елімізде өндіріс те дамып келеді. Бұл саланың өсімі жыл басынан бері 7,5 пайызға жетті. Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 40 пайызға жакындады. Кәсіпкерлер еліміздегі енбекке қабілетті азаматтардың жартысына жуығын жұмыспен қамтып отыр. Құрылыс саласы қарқынды дамып жатыр. Былтыр Қазақстанда 19 миллион шаршы метрге жуық тұрғын үй салынды. Бұл – Тәуелсіздік жылдарындағы ең жоғары көрсеткіш, нәтижесінде мыңдаған отбасы баспаналы болды. Ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы өнім көлемі 2,5 есе өсті. Биыл да қамбамыз астыққа толды, 20 миллион тоннадан астам бидай жиналды. Қазақстанның экспорттық әлеуеті артуда, сауда серіктесі ретіндегі беделі нығаюда.

Қазақстан – Конституция бойынша әлеуметтік мемлекет. Сондықтан біз осы жауапты, құрметті миссияны міндетті түрде орындаймыз. Әлеуметтік стратегиямыз тиімді, әділетті болуы керек.

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын жүзеге асырып жатырмыз. Бұл – өскелең ұрпақ үшін жасалған үлкен кадам. Біз озық ойлы ұлт болуымыз керек. Бәсекеге қабілетті ел болу үшін, ең алдымен, білім-ғылымды дамыту қажет. Сондықтан бес жылда білім беру саласына бөлінетін қаржыны үш есе арттырдық. Ұстаздардың жалақысын екі есе ұлғайттық. Қазіргі таңда қоғамымызда мұғалім мамандығының мәртебесі анағұрлым көтерілді. 1200 жаңа мектеп аштық. Соның ішінде «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында көптеген білім ордасы бой көтерді. Ұлттық ғылымды қолдауға да мән беріп отырмыз. Бұл салаға салынған қаражат бес жылда 5 есе өсті. Шетелдің 33 беделді университеттерінің филиалы ашылды.

2-бет

/// САЛТАНАТТЫ ШАРА

ЕЛ РУХЫН КӨТЕРЕР ЕРЕКШЕ КҮН



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Өнер орталығында» Республика күніне арналған мерекелік салтанатты шара өтті. Оған басқарма, департамент, құқық қорғау органдарының басшылары, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты Ұлттық мереке – Республика күнімен құттықтап, өңірде атқарылған, жоспарланған жұмыстардың бағыт-бағдарына тоқталды.

– Республика күні – халқымыздың рухын

көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын маңызды мереке.

3-бет

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ҚҰРЫЛЫС АЛАҢДАРЫНДА ЖҰМЫС ҚАРҚЫНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылордада салынып жатқан бірқатар нысанның құрылыс алаңына барып, жұмыс барысын көрді. «Қызылорда Арена» көпфункционалды спорт кешенінің бас мердігері «Asran holding», бас жобалаушысы «Жоба», техникалық қадағалаушысы «Строй-Проф» серіктестіктері. Ғимарат 2252 көрерменге арналған, 9 блоктан тұрады. Онда олимпиадалық стандарттарға сай бассейн, фutsal, баскетбол және волейбол алаңдары, 150 орындық конференц-зал қарастырылған. Кешен құрылысын 2026 жылдың желтоқсан айында аяқтау жоспарланған.

Өңірде салауатты өмір салтын ұстанатын азаматтардың спорт инфрақұрылымына қолжетімділігі жыл өткен сайын артып келеді. Жаңадан салынған спорт кешендерінде, спорт және ойын алаңдарында, жаяу және веложүргіншілерге арналған жолдарда дене шынықтыратын, күнделікті жаттығу жасайтын, жүгіретін және велосипедпен серуендейтіндер көбейген.



3-бет



Валюта бағамы \$ 538,11 kzt € 623,51 kzt ₸ 6,61 kzt

Ауа райы: Сенбі ☀️ +22° 🌙 +8° | Жексенбі ☀️ +19° 🌙 +6°

ЕЛДІКТІҢ ТІРЕГІ – ЕГЕМЕНДІК



Сондай-ақ ұлт саулығын жақсарту үшін жүйелі шаралар қабылданды. 2020 жылдан бері медицина саласына бөлінетін қаржы 3 есе артты. 927 медицина нысаны ашылды. Еліміздегі орташа өмір сүру ұзақтығы 75 жастан асты.

Қазақстан қауіпсіз ел болуы керек. Сондықтан «Заң мен тәртіп» қоғамымыздың басты қағидаты саналатын болды. Осы жұмыстың аясында жемқорлыққа қарсы күресті жалғастырып, күшейтеміз, онсыз Әділетті Қазақстан туралы айтудың өзі қисынсыз. Соңғы бес жылда қылмыс саны және көшедегі бұзақылық едәуір азайды, қылмыстық ахуал қатаң бақылауға алынды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық оқиғалары азаюда, еліміздің бұл мәселеге қатысты тәжірибесіне шетелдік сарапшылардың ықыласы күшейді. Түптеп келгенде, «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы – еліміздің жарқын болашағын құру үшін аса маңызды тетік.

Елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы азаматтарымыздың, әсіресе, жастардың басым көпшілігінің қолдауына не болып, табысты жүзеге асырылып жатыр. Бытырдан бері шамамен 2,8 миллион гектар жер тазартылды, 4 миллионнан астам ағаш отырғызылды. Ең бастысы, азаматтарымыздың экологиялық сана-сезімі, бүкіл болмысы өзгере бастады.

Жалпы, барлық салада атқарылған жұмыс өз жемісін беріп жатыр деп айтуға болады. Бірақ бұл мұнымен тоқтап қалмаймыз, өзгерістерді міндетті түрде жалғастырамыз.

Биыл еліміздің мерейі өсіп, рухы көтерілген жыл болды. Азаматтарымыз көптеген салада табысқа жетті, жаһандық жарыстарда топ жарды. Оқушыларымыз түрлі халықаралық білім долдасынан мыңнан астам медаль иеленді. Үздік спортшыларымыз, соның ішінде боксшылар туымызды биікте желбіретті. Дарынды жастарымыз ұлт өнерін жер жүзіне паш етіп, кеңінен дәріптеп жүр. Жаһан жұрты қазақты рухы биік, көзі ашық, мәдениетті бірегей, зияткер ұлт ретінде танауда. Бұл – жылдар бойы жүргізілген жүйелі және тиімді жұмыстың нәтижесі. Енді осы қарқынды бәсеңдетпей, тек алға қарай қадам басуымыз қажет.

Қазақстанымыз Әділетті, Қауіпсіз, Таза, Күшті ел болуы керек. Бұл – жалпыұлттық стратегиялық мақсатымыз, барша азаматқа ортақ міндет, кәстерлі парыз. Озық ел болу үшін біз әлі талай белесті бағындыруымыз керек. Тұрақтылық пен тыныштықтың қадірін білу қажет. Әсіресе, мұны жастарымызға дұрыс түсіндіріп, оларға бағдар көрсеткен жөн. Еліміздің ертеңі – өскелен ұрпақтың қолында. Сондықтан жастарымызды ең алдымен Адал азамат етіп тәрбиелеу қажет. Адал азамат дегеніміз – елін, жерін сыйлайтын, заңға бағынатын, білімге ұмтылатын, ұлттық құндылықтарды қолдайтын және ел бірлігін нығайтуға үлес қосатын азамат. Еліміздің озық болуы осындай отаншыл, тәртіпті, білімді, мәдениетті, белсенді және ойы ұшқыр жастарға тікелей байланысты. Өз кәбілетіне сенетін, көзі ашық, көкірегі ояу, еті тірі, еңбекқор адамның өшкімге тәуелді болмайтынын жас ұрпақ ғығынпй өсуі қажет. Әр азаматымыз өз ісіне тиянақты, ұқыпты және жинақы болса, тұтас мемлекет те табысты болмақ.

Біз бәсекеге қабілетті ұлт болуымыз керек. Бұл – ең алдымен, ұлтымыздың сапасы, яғни азаматтарымыз заманауи, озық ойлы, жасампаз болуы қажет деген сөз. Қазіргі аса күрделі, құбылмалы және қарама-қайшылыққа толы заманда озық ел болу оңай шаруа емес. Сол себепті біз батыл шешімдер қабылдап, нық сеніммен жарқын болашаққа қарай жүреміз. Сонда ғана осы уақыт халқымыздың сана-сезімінде ұлы бетбұрыс жасаған тарихи кезең болып қалары анық. Мен бұған кәміл сенемін.

Бәріміз бір ел болып қолға алған реформалардың түпкі мақсаты – Қазақстанды жаңа жағдайға бейімдеу, сол арқылы еліміздің егемендігін нығайтып, бәсекеге қабілетін арттыру. Мемлекет басыңғы ретінде мен жеріміздің тұтастығын, еліміздің дербестігін және экономикалық дамуын қамтамасыз етуім керек. Бұл – менің азаматтық борышым.

Қазір әлем түбегейлі жаңа тарихи кезеңге қатысуда. Бәріңіз де мұны көріп-біліп отырсыздар. Бір жағынан, қақтығыстар мен соғыстар азаймай тұр, басқа жағынан, жоғары технологиялар, жасанды интеллект тез дамуда. Осындай күрделі жағдайда еліміз дамудың даңғыл жолына түсті. Барша елмен достық қатынас орнатып, мемлекетімізді сенімді серіктес ретінде таныттық. Соның арқасында энергетика, көлік, логистика, ақпараттық технология, ауыл шаруашылығы және басқа да салаларға қомақты инвестиция тартып жатырмыз. Қазіргі алмағайып заманда саликалы дипломатия дәстүріне негізделген сыртқы саясатты ұстану айрықша маңызды. Біз мемлекеттердің бәрі өзара тіл табысып, ортақ мәмілеге келе білгенін жөн деп санаймыз. Өзара сенім мен құрметті нығайтып, әріптестік қарым-қатынасты дамыту қажет деп есептейміз. Жақында Алматыда Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия мен Ауғанстан үшін

орнықты даму максаттары жөніндегі өңірлік орталығы ашылды. Мұны зор жетістік деп айтуға болады.

Мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының мерейтойлық сессиясында негізгі халықаралық мәселелерге баса назар аудардым, бірқатар ұсыныс айттым. Әлемде барлық елдің мүддесі ескерілетін әділ халықаралық қатынастар жүйесін орнату керек. Қазақстан дүние жүзі қауымдастығының жауапты әрі ықпалды мүшесі ретінде алдағы уақытта да теңгерімді әрі сындарлы сыртқы саясат жүргізеді.

Құрметті отандастар!

Біз ауқымды жаңғыру кезеңіне қадам бастық. Мақсатымыз – баршаға тең мүмкіндік ұсынатын, өркендеу жолындағы Әділетті Қазақстанның іргесін қалау.



Таяуда халыққа арнаған Жолдауымда Парламентті реформалау туралы мәлім-деуім болды. Бұл бастаманы алдын ала жариялауымның өзі еліміздегі саяси үдерістердің ашық жүріп жатқанын көрсетеді. Биіктің заң шығарушы тармағын өзгерту соңғы жылдары жүзеге асырылған жан-жақты жаңғырудың қисынды жалғасы болмақ. Барлық ұсынысымыз Қазақстанның эволюциялық дамуына қатысты азаматтарымыздың мүддесі мен сұранысына негізделген. Ал еліміз алға жылжып, дамуы керек. Бұған еш күмән жоқ, болуы да мүмкін емес. Жоспарланған өзгерістер Парламенттің құзыреті мен беделін күшейтеді. Конституция енгізілетін өзгертулер Парламентке ғана қатысты емес, сондай-ақ Президент, Үкімет туралы бөлімдерді және саяси жүйенің басқа да қырларын қамтиды. Түзетулердің жалпы көлемін және 2022 жылғы конституциялық реформа аясында жүзеге асқан бастамаларды ескерсек, мұны жаңа Конституция қабылдауға барабар іс деуге болады. Әйтсе де Қазақстан Республикасы күшті президенттік билікке арқа сүйеген мемлекет болып қалуға тиіс екенін атап өткім келеді.

Бұл қазіргейді алмағайып заманда еліміздің сенімді келешегіне кепіл болады. Өйткені парламентті жүйе қауіпсіздік пен тәртіп, тұрақтылық пен даму тұрғысынан өз міндетін толық атқара алмай отыр. Кейбір сарапшылар мен саясаткерсермақтардың ұшқары тұжырымдарына көзсіз еріп, мемлекеттілігімізге қатер төндіруге еш хақымыз жоқ.

Саяси бағдарымыз бен қабылдаған нақты шешімдеріміз ұлтымыздың ұзақ мерзімді мүддесі мен мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау, елді дамыту қағидаттарын көздейді. Мұны берік ұстанамыз.

Жолдауда бір палаталы Парламентті пропорционалды сайлау жүйесі арқылы жасақтау қажет екенін ашық айттым. Бір палаталы Парламентті тек партиялық тізім бойынша қалыптастыру партиялардың институционалдык негізін нығайтуға септігін тигізеді. Сайлаушылармен жүйелі жұмыс істеуіне ықпал етеді. Яғни мемлекеттілігімізге пайда әкеледі. Бұл ешқандай кері кету немесе демократиялық қағидаттардан бас тарту емес. Ел қамын ойлап, саяси тұрғыдан салмақтан осындай ұйғарымға келдім.

Аймақтық деңгейде азаматтар билікпен тікелей әрі тұрақты қарым-қатынас жасайды. Сондықтан жергілікті мәслихаттар мен әкімдіктер белсенді жұмыс істеп, елдің мұң-мұқтажын шешуде маңызды рөл атқаратынын көрсетуге тиіс. Соңғы жылдары тікелей сайлау институтын айтарлықтай кеңейттік. Әуелі ауыл әкімдерін сайлауды енгіздік, кейін ол аудан, содан соң облыстық маңызды бар қала басшыларын сайлауға ұласты. Сол себепті Қазақстанда ай сайын түрлі элкторалды науқан жүріп жатады. Бұл біздің өңірдегі бірегей саяси тәжірибе саналады. Баршамыз осынау істің мақсатқа сай орындалуын бақылап, егер оның жағымсыз салдары болса, шара қабылдау қажет.

Реформалар – табиғи үдеріс, мұнда артық консерватизмге орын жоқ. Жергілікті мәслихаттарды сайлауда мажоритарлық жүйені сақтау керек деп санаймын.

Осы тұста тағы да атап өткім келеді: мемлекеттік маңызды бар кез келген мәселе бойынша шешуші сөзді азаматтарымыз айтуға тиіс. Конституциялық реформа жасалған кезде, сондай-ақ атом станциясын салу мәселесін талқылаған уақытта дәл солай болған. Қазір де солай болмақ. Бұл елімізде жаңа саяси мәдениеттің пайда болғанын көрсетеді, яғни бұл – қоғам көкейінде жүрген аса өзекті мәселелерді шешудің жаңа дәстүрі қалыптасып жатыр деген сөз.

Азаматтар өз Отанының келешегіне шынайы алаңдап, оның даму жолында аянбай тер төксе, ұлт шын мәнінде егемен елге айналады. Өзге мемлекеттер де оны солай қабылдайды. Тіпті ол бір қарағанда

ұсақ іспен айналысқандай көрінгенімен, шын мәнінде өте маңызды жұмыс атқарса, мысалы, қоғалдандырумен, өзі тұратын аумақты тазалаумен шұғылдана, қал-кәдеріңше қоғамдық тәртіптің сақталуын қадағаласа, вандализм мен дөрекі қылықтарға қарсы тұрса елге пайдасын тигізеді.

Өзіне, отбасына, туған еліне жаны ашитын отандастарымыздың үлкенді-кішілі жетістіктеріне күн сайын куә болып жүрміз. Олар шынайы патриоттығының арқасында осындай дәрежеге жетіп отыр. Баршанызға мәлім, жыл сайын азаматтарымыз түрлі салада топ жарады. Бұл халқымыздың жасампаз болмысын паш етеді. Жастарды осындай ізгі амалдар жасауға ынталандырады, ұлттық рухымызды жани түседі.

Higgsfield AI стартапы – биылғы

орнын ашып, халықтың әл-ауқатын арттыруға мол үлес қосуда. Осындай орта және шағын бизнес өкілдерін қолдау мемлекет саясатының басымдығы болып қала береді.

Соңғы кезде маған жаңа Салық кодексіне қатысты көптеген өтініш келіп түсті. Мен Премьер-министрге нақты тапсырмамды бердім. Үкімет арнайы салық режимі бойынша жұмыс істейтін кәсіптердің тізімін бұрынғы қалпында қалдырды. Алдағы уақытта шағын және орта кәсіпті қолдау үшін басқа да шаралар қолданылады. Бизнестің салық реформасынан зардап шекпеуге тиіс. Ондай жағдайдың алдын алу үшін Үкімет кәсіпкерлермен сындарлы диалог жүргізуі қажет. Дегенмен экономикалық реформаларды мүлде тоқтатуға болмай-



ды, қаншалықты қиын болса да, оң өзгерістерді міндетті түрде жүзеге асыруымыз керек. Әйтпесе, бәріміз жаппай құлдырауға ұшырауымыз әбден мүмкін.

Мемлекет, бизнестің және жалпы қоғам күш біріктіргенде ғана Әділетті Қазақстанды құра аламыз. Еліміз еңсесін тіктеді, аяғына нық тұрды. Экономикада оң қарқын байқалады. Халықаралық қаржы институттары тарапынан жоғары несие рейтингін иеленуде. Экономика дамуының негізгі көрсеткіші – халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс сапасының артуы. Бұл – менің берік ұстанымым.

Жалпы мемлекет түйткілдерді біртіндеп шешіп келеді. Ең маңыздысы – нәтиже, өзімізді жарнамалау емес. Кез келген азамат білімімен еңбекқорлығының арқасында қабілет-қарымын көрсетіп, іскерлік, шығармашылық немесе мемлекеттік қызметтегі мансабында табысқа жететін орта, қазір жиі айтылатын экожүйе қалыптастыруға күш салып жатырмыз.

Қазақстан талантты, мақсатшыл жандар тұрақтап қалғысы келетін ел қатарына қосылып келеді. Біздің ең басты байлығымыз – білімді, белсенді адамдар. Мен мұны үнемі айтамын әрі қайталаудан жалықпаймын. Әрбір азамат өзінің табысы мен еңбекқорлығы арқылы еліміздің гүлденуіне елеулі үлес қосады. Біз тәртіпке бағынатын отандастарымызды шынайы патриот ретінде дәріптеп, мақтан тұтуымыз керек. Өйткені олар ұлтты ұйыстырады, халқымызды кәсіби және рухани тұрғыдан биіктерді бағындыруға жігерлендіреді.

Осылайша, біз бәріміз Қазақстан азаматтарының жасампаз рухын сыйлауымыз керек. Мұндай игі үрдісті жан-жақты қолдау қажет. Ел мүддесі үшін биік максаттарға ұмтылыс ұлттық болмысымызға тән қасиет болуы керек. Армандау, алға мақсат қою – өте дұрыс. Алайда қазіргі заман нақты іс-әрекеттің уақыты екенін ұмытпаған жөн. Сондықтан елге пайдалы, болашаққа қажет істермен айналысу керек. Сөз жүзінде емес, іс жүзіндегі отаншылдық, яғни нағыз патриотизм дегеніміз – осы.

Қазір еліміз аса күрделі жолдың басында ғана тұр. Біз бір ел болып, бір-бірімізді қолдауымыз керек, көреалмаушылық, қызғаныш сияқты теріс әдеттерден арылған жөн. Қазақстанды күшті және дамыған озық ел ету – тек өз қолымызда. Оған біздің мүмкіндігіміз де, әлеуетіміз де жетеді: экономикамыз – орнықты, жеріміз – берекелі, жарқын болашаққа деген сеніміміз – зор, ал азаматтарымыз, әрине, өте дарынды және қабілетті.

«Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген. Біз ұлт ретінде биік белестерді бағындырамыз десек, ең алдымен, халқымыздың ауызбіршілігі мықты болуы керек, азаматтарымыз бірін-бірі сыйлап, құрметтеуі қажет. Бір елдің ішінде өмір сүріп, бір жерде тұрып, жанжалға, ұрыс-керіске жол беруге болмайды. Біреудің еңбегін жокқа шығару, не болмаса ой-пікірін келеке ету, басқа адамды қаралау – озық, өркеніетті қоғамға жат қылық, тіпті, ұят нәрсе, ондай әрекеттер үшін қоғам және заң алдында жауап беруге тура келеді.

Ғаламтор желісінде бір тақырыптан басталған талқылау бітпейтін пікірталасқа ұласып кетеді, тіпті, бұл құбылыс «аса қауіпті қоғамдық дерт» деген осындай түсінік, ұғым пайда болды. Мұндай дерттен құтылуымыз керек.

Құрметті қауым!

Мемлекетіміздің Егемендігі туралы декларацияның 35 жылдығы – еліміз үшін аса маңызды тарихи меже. Көптеген елдердің тарихына қарайтын болсақ, мұндай құжаттар ұрпақтан ұрпаққа беріліп, ғасырлар бойы сақталады, азаматтық сана-сезімнің мызғымас негізі ретінде қызмет етеді. Сондықтан Егемендік туралы декларация, бұл – мемлекеттігіміздің берік арқауы, халқымыздың жарқын болашаққа ұмтылысының айқын көрінісі.

Егемендігімізді жариялаған алғашқы күннен бастап мемлекеттілігімізді бекемдеп, халқымыздың әл-ауқатын арттыру жолынан айныған емеспіз. Бұл – ең дұрыс стратегия.

«Еңбек – берекенің бастауы» деп бекер айтылмаған. Біз адал, бәсекеге қабілетті азаматтарға әрдайым құрмет көрсетіп, қолдауымыз керек. Жұмысшы мамандарын қадірлейтін қоғам құру маңызды. Елімізде қажырлы еңбегінің арқасында нағыз еңбек адамы атанған азаматтар өте көп.

Бүгін арамызда Мұрат Кенесұлы Қаражұманов отыр. Ол 45 жылға жуық табанды еңбек етіп, ауыл шаруашылығын дамытуға зор үлес қосты. Майталман механизатор жас мамандарға жол көрсетіп, мол тәжірибесін бөлісуде. Бұл салада Қаражұмановтар әулетінің 30-дан астам өкілі жұмыс істейді. Олардың жалпы еңбек өтілі 600 жылдан асады. Бүгін Мұрат Кенесұлы Қаражұмановқа «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беру туралы шешім қабылданды.

Жұмысшы мамандықтары жылы аясында адал еңбегімен Қазақстанның дамуына үлес қосып жүрген азаматтарды марапаттап жатырмыз.

Бүгінгі мерекеле біз Сергей Петрович Чернобайға құрмет көрсетеміз. Ол – еңбегі ерен кенші, «Шахтер даңқы» белгісінің толық кавалері, отандық көмір өндірісінде аты аңызға айналған тұлға. Еңбеккерлер әулетінен шыққан азамат. Ата-анасы да, жұбайы да, тіпті балалары да өз тағдырын шын мәнінде батыл жандардың қолынан келетін кәсіппен байланыстырған. Өнегелі отбасының жалпы еңбек өтілі 150 жылдан асады. Бұл – жай ғана цифр емес, қажырлы еңбек пен кәсіби сабақтастықтың жылнамасы. Чернобайлар әулеті ел дамуына өлшеусіз үлес қосып, өз ісіне адалдықтың және нағыз еңбекқор жандардың үлгісі боларына кәміл сенемін. Сергей Петрович Чернобайға жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді.

Ортамызда Александр Анатольевич Касицин отыр. Ол – «Еңбек Даңқы» орденінің толық иегері, еңбек жолын қарпайым зоотехниктен бастап еліміздегі ең озық агроэнергетіп шаруашылықтарының бірінің басшысына дейін көтерілген айтулы маман. «Алишкое» серіктестігі ауылды жаңғыртып, еңбеккерлерге қамқорлық көрсету арқылы керемет табысқа қол жеткізді. Ел алдындағы еңбегі үшін Александр Анатольевич Касицин «Отан» орденімен марапатталады.

Қазақстанның еңбек сіңірген журналисті Сергей Васильевич Харченко өз ісін жаксы көретін, Отанын шексіз сүйетін жан ретінде көпке ұлы. Белгілі қаламгер, парасатты басшы, дарынды ұстаз мемлекеттің өркендеуіне, отандық журналистиканың дамуына және өскелен ұрпақты тәрбиелеуге зор үлес қосып келеді. Бүгін Сергей Васильевич Харченко І дәрежелі «Барыс» орденінің иегері атанды.

Әгіллі археолог Зейнолла Самашевтің есімі баршанызға белгілі. Ол өркеніетіміздің теңдессіз қазынасы саналатын «Берел қорғаны» ашып, оны жан-жақты зерттеуге зор үлес қосты. Бұл жаңалық тарих ғылымын шын мәнінде жаңа деңгейге көтергені сөзсіз. Ал белгілі ғалым, картография зерттеушісі Мұхит-Ардагер Сыдықназаров тол тарихымызды түгендеуге атсалысып келеді. Ұлттық ғылымды өркендетуге сіңірген еңбегін ескере отырып, қос ғалымға Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мемлекеттік сыйлықты табыстау туралы шешім қабылданды. Бүгін осы сыйлық алған рет берілді.

II дәрежелі «Барыс» орденімен даңқты спортшы Шавкат Рахмонов марапатталады. Ол еліміздің атын шет мемлекеттерге танытып, мерейін үстем ету жолында тер төгіп жүр.

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толды. Ассамблея – берекелі бірлігіміздің мызғымас нышаны, теңдесі жоқ бірегей құрылым. Оның мүшелері елдегі тұрақтылықты нығайту үшін аянбай еңбек етіп жүр. Ал қоғамдағы келісім мен ынтымақты күшейту – нағыз отаншылдық белгісі. Мен бүгін еліміздегі бірнеше этно-мәдени орталықтың өкіліне «Ел бірлігі» орденін табыстаймын.

Мәдениет – ұлттың рухани дербестігінің кепілі. Сондықтан біз өмірін өнер жолына арнаған қайраткерлерге әрдайым құрметпен қараймыз. Руханиятымызға ерекше еңбек сіңірген үшін белгілі өнер майталмандары – Болат Әбділманов, Тамараасар Жанкүл, Шынар Жаңисбекова «Қазақстанның халық әртісі» атағына лайық деп танылды.

Сондай-ақ мәдениет саласын дамытуға зор үлес қосқаны үшін Нина Жмеренецкая, Бақыт Жақыбаев, Зарина Алтынбаева және Әйгерім Алтынбек «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағына ие болды.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласын өркендетуге айрықша үлес қосып жатқан Иван Саурғе «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді. Жоғары мемлекеттік марапаттарды халқымыздың шынайы ықыласы және сый-құрметі деп қабылданыздар.

Бүгін әрбір облыста жүздеген лайықты азаматымыз менің Жарлығыммен жоғары мемлекеттік наградамен марапатталады. Олардың еңбегіне зор ризашылығымды білдіремін.

Қадірлі қауым!

Еліміз үшін ұлт саулығын сақтайтын дәрігердің, саналы ұрпақ тәрбиелейтін ұстаздың, ауылдағы шаруа мен өндірістегі жұмысшының, яғни әрбір кәсіп иесінің еңбегі айрықша маңызды. Бұл – кез келген өркеніетті қоғамға тән мызғымас заңдылық. Бүгін мен ұлттық мерекеміз – Республика күні қарсаңында адал еңбек етіп, еліміздің өркендеуіне атсалысып жатқан әрбір азаматқа шынайы алғысымды айтамын. Елдігіміз еңселі, егемендігіміз баянды болсын! Көк туымыз мәңгі желбіресін! Баршаңызға амандық, табыс тілеймін!

akorda.kz

МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ ИЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2025 жылғы 21 қазандағы №1053 Жарлығына сәйкес: Қазақстан Республикасының әлеуметтік-гуманитарлық дамуындағы аса үздік жетістіктері, белсенді қоғамдық қызметі, мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі сіңірген еңбегі, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін наградалтын:

II ДӘРЕЖЕЛІ «БАРЫС» ОРДЕНІ

ӘМІР-ТЕМІР Хусеин Жүсіпұлы – Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық казак драма театрының режиссері. Қызылорда облысының құрметті азаматы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің, «Құрмет» орденінің иегері.

Ақордада өткен салтанатты жиында еліміздің мәдени-рухани дамуына қосқан үлесі үшін, жырау, педагог, фольклор зерттеуші-ғалым, ұстаз, Қызылорда облысының құрметті азаматы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері АЛМАТОВ Алмасбек Нұрмаханұлы III дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды.

«ПАРАСАТ» ОРДЕНІ

ҚАЮПОВ Бигали Әбдікерұлы – мемлекет және қоғам қайраткері. Қызылорда облысының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері.

ӘБИБУЛЛАЕВ Ибрагим Сражадинұлы – қоғам қайраткері, Қызылорда облысының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері.

ЖУМАБАЕВ Асылбек Теңелұлы – мемлекеттік қызмет саласының ардагері. «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

ЖАНСАҚАЛОВ Әбдімәжит Алмағамбетұлы – «Дәнекер құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры. Қазақстанның Құрметті құрылысшысы, Қызылорда облысының құрметті азаматы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің, «Құрмет» орденінің иегері.

ӘЛІМКҰЛОВ Темірхан Мәлікұлы – «СМП-Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры. Қазақстанның Құрметті құрылысшысы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің, «Құрмет» орденінің иегері.

БАЙНАЗАРОВА Райкүл Мансүрқызы – «Сыр елі облыстық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрайымы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

МЫХАНОВ Бердібек Сартайұлы – «Сыр Самалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры. Қазақстанның Құрметті құрылысшысы, «Құрмет» орденінің иегері.

ӘМІРҒАЛИҰЛЫ Әбдіғанпар – еңбек ардагері.

ӘМІРЕҰЛЫ Махмұтбай – еңбек ардагері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

«ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІ

ҚАЛЫМБЕТОВА Күлән Жантөмірқызы – Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі. «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

ӘЛЖІК Орынбасар Қарабалаұлы – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

НҰРСАЙЫТОВ Мұрат Тұқманұлы – «Марал - Нұр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы.

БАЛАТАЕВ Үйсінхан Амангелдіұлы – «Автомобиль жолдары басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының орынбасары.

ПІРМАНТАЕВ Нұржан Айдарбекұлы – «Тұрмағамбет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры. «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

ДҮЙСЕНҒАЗИЕВ Серік Хамитұлы – «Нағи» шаруа қожалығының төрағасы.

ҚОРДАБАЙ Нұрғали Рахымшаұлы – Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі.

ИМАНДОСОВ Нұрлан Самұратұлы – «РЗА-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры. «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

ЕЛУБАЕВА Индира Шәкіманқызы – Қызылорда облыстық филармониясының әртісі, әнші-композитор, акын, Мәдениет саласының үздігі.

БЕРДІБАЕВ Асқар Айтөреұлы – «Алтын Дән Шиелі» шаруа қожалығының төрағасы.

ИСКАКОВ Олжас Ерекесұлы – Қызылорда облысы денсаулық сақтау басқармасының басшысы.

САНСЫЗБАЙҰЛЫ Балмейір – «Алтын брикс Қызылорда» компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы.

ӘПЕТОВ Ерсұлтан Амантайұлы – Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің облыстық аумақтық инспекциясының басшысы.

КӨШЕКОВ Марат Жұбатханұлы – Жер ресурстарын басқару комитеті облыс бойынша департаментінің басшысы.

II ДӘРЕЖЕЛІ «ЕҢБЕК ДАҢҚЫ» ОРДЕНІ

РАХМАНБЕРДИЕВ Батырбек Айдарбекұлы – «Абзал және Компания» толық серіктестігінің бағбаны.

«ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» МЕДАЛІ

БОДЫҚБАЕВ Жақай Серікұлы – еңбек ардагері, қоғам қайраткері.

ӘБДІХАМИТҚЫЗЫ Айжамал – білім саласының ардагері.

ЗАРЕРОВ Жұмат Арапұлы – «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы Жаңақорған аудандық филиалының электромонтері.

АБЗАЛІЕВА Жанат Амангелдіқызы – Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінің басшысы.

ТАЙМАНҚЫЗЫ Гауһар – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы – мемлекеттік еңбек инспекторы.

СОРОКИН Михаил Владимирович – «Автомобиль жолдары басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің машинисті.

ТӨРЕАХМЕТОВ Базарбай Шөменұлы – Арал аудандық мәслихатының төрағасы.

ҚҰДАБЕКОВА Қыдыркүл Нұрабайқызы – Қызылорда облысы энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының бөлім басшысы.

МАНТАЕВ Бекет Тайшыбекұлы – көпбейінді облыстық ауруханасы хирургия бөлімшесінің меңгерушісі.

ІЗДЕН Анар Жарылқасынқызы – «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы Ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрайымы, «Ұмай» балалар үйінің құрылтайшысы. «Шапағат» медалінің иегері.

САҚТАҒАНОВА Айтқұл Раушанбекқызы – көпбейінді облыстық ауруханасының бас мейіргері.

ЖАНДАРБЕКОВ Айтбай Насридінұлы – Шиелі ауданының әкімі.

ҚОЙШЫБАЕВ Шахмардан Сұлтанбекұлы – Қызылорда облысы ветеринария басқармасының басшысы.

АББАСОВА Фарида Әубәкірқызы – Қызылорда облысы экономика және қаржы басқармасы басшысының орынбасары.

ТӨРАЛИЕВ Ерлан Кәрімбекұлы – Қызылорда облысы құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы.

СЫЗДЫҚОВ Жәнібек Шәкімбайұлы – Қызылорда облысы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы.

ЕМБЕРГЕНОВ Марат Бекназарұлы – Қызылорда облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары.

ОМАРОВ Мұхамедәлі Батырханұлы – «Қаратау Фруте» шаруа қожалығының басшысы.

БӘКІР Әбдіжәлел Қошқарұлы – журналист, қоғам қайраткері, саяси ғылымдар докторы, әлеуметтану ғылымдарының профессоры.

ІЗДІКУЛОВА Азиза Гадженбекқызы – Қызылорда облыстық филармониясының режиссері.

«ШАПАҒАТ» МЕДАЛІ

АЙДОСОВА Аяғөз Нұржанқызы – Мемлекеттік қызмет саласының ардагері.

ӨТЕГЕНОВАТ Ұлғаз Бекмырзақсы – «Білім-инновация» лицей-интернатының география пәні мұғалімі.

МЫРЗАБАЕВА Гүлбану Елубайқызы – балетмейстр.

«БІРЛІК» АЛТЫН МЕДАЛІ

СМАХАНОВА Рая Ханифовна – Қызылорда облыстық татар этномәдени бірлестігі төрағасының орынбасары.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

КИМ Юрий Федорович – «Қазақстан кәрістер қауымдастығы» Қызылорда облыстық қоғамдық бірлестігінің ардагері.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ АЛҒЫС ХАТЫ

ЧОЛОНДУРОВ Хамзат Жайнаевич – Қызылорда облыстық татар этномәдени бірлестігінің ардагері.

2025 жылғы 8 қаңтардағы Қызылорда облыстық мәслихатының № 145 шешіміне сәйкес **«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ»** атағы

ДҮЙСЕНБАЕВ Серік Әбішұлы – облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы. «Ерен еңбегі үшін» медалі мен «Құрмет» орденінің иегері.

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ҚҰРЫЛЫС АЛАҢДАРЫНДА ЖҰМЫС ҚАРҚЫНДЫ



Суретті түсірген: Бағдат ЕСЖАНОВ

Айта кетейік, 4 қазан күні сол жағалауда халықаралық стандарттарға сәйкес келетін 11 мың орындық Орталық стадион ашылды. Спорт нысаны УЕФА талаптарына сай, материалдық-техникалық базасы соңғы үлгідегі заманауи құралдармен жабдықталған. Жаңа ғимараттың жалпы аумағы 20 мың шаршы метр, жасыл алаңнан бөлек, бокс, күрестің үш түрінің, атап айтқанда, дзюдо, грек-рим, еркін күрес, фитнес, спорттық гимнастика, таэквондо және ауыр атлетика залдары қамтылған. Спортзалдары келушілерге жыл он екі ай сапалы қызмет етеді.

Ойыншыларға қолайсыздық тудырмау үшін футбол алаңының астыңғы қабатына жылу желісі жүргізілген. Жасанды көгалдың астына 2 см болатын шокпад (shockpad) амортизациялық төсемі қапталды. Бұл технология «Astana Arena» және «Қау- sag Arena» стадиондарына ғана енгізілген. Барлық талапқа сай келетіндіктен, халықаралық дәрежедегі ауқымды ойындарды өткізуге толық мүмкіндік бар.

Өңірде спортты дамытуға ауқымды жұмыс атқарылып келеді. Соңғы үш жылда 20 спорт кешені ашылды. Биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында елді мекендерде тағы 6 спорт кешені салынып, пайдалануға беріледі.

«Қазақстан халқына» қорының демеушілігімен 2 млрд 900 млн теңгеге мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған денешынықтыру-сауықтыру кешені салынууда. Биыл қордың қолдауымен Шиелі, Жалағаш аудандарында жаңа спорт кешендері салынып, салауатты өмір салтын ұстанатын тұрғындар игілігіне айналды.

«Достық үйі» жаңа ғимаратының бас мердігері «Астана Сервис LTD» серіктестігі құны 3 млрд 545 млн теңге болатын жобаны жүзеге асыруға сәуір айында кірісті. Жыл соңына дейін құрылысын аяқтап, пайдалануға беру жоспарланған.

Үш қабатты ғимараттың жалпы ауданы 3912,29 шаршы метр, бірінші қабатта ашық кеңістік форматында түрлі форумдар, лекциялар, көрмелер

1-бет

мен концерттер өткізуге арналған көпфункционалды залдар орналасады. Ал екінші және үшінші қабаттарда облыстық этномәдени бірлестіктер мен қоғамдық ұйымдарға арналған кеңселер, қызметтік бөлмелер қарастырылған.

Айта кетейік, 2022 жылдан бері облыс аумағында жаңадан 15 мәдениет нысаны салынды. Барлық 7 ауданда 11 млрд 500 млн теңгеге «Руханият орталықтары» бой көтерді. Сондай-ақ «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледждің жаңа ғимараты, облыстық тарихи-өлкетану музейі пайдалануға берілді.

Өткен жылы мәдениет саласының қызметкерлеріне арналып алғаш рет көпқабатты тұрғын үй салынып, 40 қызметтік пәтер табысталды. Бұл мәдениет қызметкерлерін қолдау бағытындағы маңызды әлеуметтік бастамалардың бірі болды.

Бір ауысымда 100 келушіге қызмет көрсететін емханасы бар 300 төсектік көпбейінді аурухана құрылысын «Мелиоратор» серіктестігі қолға алған. Жобаның жалпы құны 36 млрд 416 млн теңге, құрылыс аумағы 47,9 мың шаршы метр. Нысан 10 блоктан, атап айтқанда, емхана, пансионат, конференц-зал, тамақтану, физиотерапия, қабылдау, әкімшілік, реанимация, химио-жәнерадитерапия, сондай-ақ, операция бөлімдерінен тұрады. Заманауи талаптарға сай аурухананы 2026 жылы пайдалануға беру жоспарланған.

Аймақ басшысы бұл өңірдің денсаулық сақтау саласын жаңа деңгейге көтеретін маңызды бастама екенін атап өтті.

– Алдағы уақытта Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен Қызылордада бірнеше медициналық нысан салынады. Осы аурухананың іске қосылуын халық күтуде. Жаңа көпбейінді медициналық орталық аймақ тұрғындарының денсаулығын қорғау ісіне тың серпін береді. Құрылыс жұмыстарының сапасы мен мерзімі қатаң бақылауда болады. Басты мақсат – халық игілігі үшін заманауи әрі қолжетімді емдеу орталығын уақытылы іске қосу, – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, Президент тапсыр-масына сәйкес 12 облыста заманауи перинаталдық орталықтар салу көзделген. Қызылорда қаласында халықаралық тәжірибе мен жаңа медициналық технологиялар енгізілетін 200 төсектік заманауи перина-талдық орталық салу жоспарлануда. Нысанға 2,7 гектар жер учаскесі бөлінді. Алдағы жылы республикалық бюджет есебінен құрылысы басталады. Жоба құны 48,8 млрд теңге.

Сонымен қатар, Сырдария өзенінің сол жағалауына орналасатын 500 келушіге арналған емхананың жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеуге жергілікті бюджеттен 148 млн теңге қаралды. Қазіргі таңда құжаттама мемлекеттік сараптамаға ұсынылған, қорытындысы 15 қарашаға дейін алынбақ. Жобаның құны шамамен 14 млрд теңге, құрылыс келесі жылы басталады.

Президент саябағы аумағында ауқымды абаттандыру және инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылуда. Бас мердігер «Bi Global» ЖШС жобаға сәйкес 3 аллея, 6 субұрқақ, 5 амфитеатр, 7 балалар ойын алаңын, 4 спорт және 4 workout, 7 демалыс аймағын, 4 фудкорт, теннис үстелдерін, биіктігі 50 метр болатын айналымалы дөңгелек аттракцион, би алаңын, стритбол, вело және жүгіру жолақтарын, сахна, сарқырама каналдары мен олардың үстінен өтетін көпірлер, шахмат, баскетбол және футбол алаңдарын, арқан саябағы мен модульдік санитарлық нысандар орналастырмақ.

Саябақта жылдың төрт мезгілінде үздіксіз жұмыс істейтін 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері мен Ботаникалық білім беру орталығы (қысқы бак) бой көтеріп келеді. Бұл нысандардың бас мердігері «Alem Qurlyys AQ» ЖШС осы аумаққа спорт блогын, іс-шараларға арналған event-аймақ, тұрғын корпустар, қонақ үй үлгісіндегі шағын ғимараттар, дәстүрлі киіз үйлер, ашық бассейн, стадион, футбол алаңы және сахна салуды қарастыраған.

Сондай-ақ Сырдария өзені үстінен Президент саябағы мен Астана шағын ауданын байланыстыратын жауу жүргіншілер көпірі салынады.

ЕЛ РУХЫН КӨТЕРЕР ЕРЕКШЕ КҮН

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Бұл – қазақтың мемле-кеттілік дәстүрі қайта жаңғырған тарихи күн. Көк түріктер дәуірінен, Алтын Орда, Қазақ хандығы заманынан келе жатқан елдігіміз тамырын тапқан күн. Бұл – Алаш арыстарының азаттық жолындағы арпалысы ақталған күн» деген болатын.

Рухы биік бабаларымыздың арманы болған азаттықты аялау, халқымыздың татулығын сақтау – біздің басты парызымыз.

Бүгінгі мерейлі сәтті аймағымыз толайым тәбістармен, жарқын жетіс-тіктермен, ерекше көңіл-күймен қарсы алуда. Өңіріміздің негізгі макро-экономикалық көрсеткіштерінің өсімі қамтамасыз етіліп, республикада алдыңғы қатардамыз.

Биыл облыстың жалпы өңірлік өнім көлемі 3 трлн теңгеден асады. Соңғы үш жылда аймақ экономикасына 1 триллион 600 млрд теңге инвестиция құйылса, осы жылы 720 млрд теңгеден астам инвестиция тартылады. 2025-2028 жылдары құны 2 трлн теңгеден асатын 89 инвестициялық жоба

аясында 11 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады.

Президентіміздің, Үкіметтің ерек-ше қолдауымен облыс бюджеті 851 млрд 300 млн теңгеге жетіп, 2022 жылдан бері 233 пайызға өсті. Оның 56 пайызы әлеуметтік салаға бағытталды. Даму бюджетінің көлемі 2021 жылы 47 млрд теңге болса, биыл 207 млрд теңгеге жетіп, 4,5 есе артты.

Бұл қаражат аймағымыздың ең өзекті деген мәселелерін шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, жаңа инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталды.

Дана халқымыз «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген. Ата-бабамыздан мирас болған мәдениетіміз бен ұлттық дәстүрлерімізді сақтаған, ана тілімізді биік тұғырға қондырған халқымыз бекем бірлігімен жасай бергей! – деді облыс әкімі.

Сыр өңірінде 2022 жылдан бері 200-ге жуық халыққа қажетті әлеу-меттік нысан салынып, тұрғындар игілігіне берілген. Сондай-ақ 1600 шақырым автомобиль жолы мен 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуден өткізуге 144 млрд 775 млн теңге бөлінді. Биыл жақсы жағдайдағы

1-бет

/// МЕРЕЙ

ҚАЛАМ ҚҮДІРЕТІ ТАЛАНТТЫ ЖАЗУШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ұлт руханиятына жасаған қызметімен қоғам құрметіне ие болған белгілі жазушылар Тынымбай Нұрмағамбетовті мерейлі 80 жасқа, Қуандық Түменбаевты 70 жасқа толуына орай құттықтады. Басқосуға қаламгерлердің замандастары, аймағымыздың зиялы қауым өкілдері қатысты.

Облыс әкімі мерейтой иелерінің шығармашылығына тоқталып, құттықтау лебізін жеткізді.

– Саналы ғұмырында еселі еңбегімен төрге озған, абырой биігінен көрінген ардақты аға буын қашанда құрметке лайық. Біз елдік іске адалдық танытқан, еліміз бен аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына үлес қосқан, халықтың қошеметіне бөленген азаматтарымызды ардақтап, лайықты құрмет көрсетіп келеміз.

Қалам қуатымен еліне адал қызмет еткен саликалы аға буынның қатарында Тынымбай Нұрмағамбетұлының тұлғалық келбеті, адами болмысы ерекше.

Ағамыз 1945 жылы Жаңақорған ауданында дүниеге келген. Қызылордадағы Гоголь атындағы педагогикалық институттың қазақ тілі мен әдебиеті факультетінде, Мәскеудегі Горький атындағы

Әдебиет институтында білім алған.

Еңбек жолында «Су құрылысшысы» газетінде тілші, бөлім бастығы, Қызылорда облыстық радиокomiteетінде аға редактор, Алматыдағы «Жазушы» баспасында редактор, «Қазақ елі» газетінде бас редактордың орынбасары, «Қазақфильм» киностудиясында жауапты қызметтер атқарды.

Шығармашылық еңбек жолында 15 кітабы жарық көріп, пьесалары республика театрларында сахналанды. Туындылары орыс, украин, эстон, неміс тілдеріне аударылды.

Қазақ әдебиеті – халқымыздың рухани қазығы, елдігіміздің айнасы. Шығармашылықтың төрінде Сіздей шыншыл, терең ойлы жазушылар тұрғанда, ұлттымыздың руханияты өркендей бермек.

Халқымыз «Қос тойың қабат болсын» деген. Ұлттық рухты ұлықтап, елге адал еңбек етіп,

саналы ғұмырын шығармашылыққа арнаған, журналистика, баспасөз саласында қызмет еткен Түменбаев Қуандық Ералыұлы ағамыз биыл мерейлі 70 жасқа толды.

Қуандық Ералыұлы 1955 жылы Шиелі ауданында дүниеге келген. Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетінде, Мәскеудегі Әдебиет институтында оқыған.

Еңбек жолын 1977 жылы баспасөз саласынан бастап, «Лениншіл жас» газетінде тілші, «Жұлдыз» журналы, «Алматы ақшамы» газетінде бас редактордың орынбасары болды. Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің, «Қазақстан» баспасының, «Үркер» роман-газетінің бас редакторы қызметтерін абыроймен атқарған, 30-дан астам кітаптың авторы. Шығармалары ағылшын, араб, орыс, түрік, неміс, кәріс, ұйғыр, қытай тілдеріне аударылған. Ағамыздың еңбектері терең мазмұнымен, көркемдігімен, шынайылығымен ерекше.

Құрметті ел ағалары, мерейтойларыңыз құтты болсын! Сіздерге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз! – деді облыс әкімі.

Жиында қос қаламгерге Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталып, дәстүрге сай шапан жабылды.

Әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбек Ерғөбек, әдебиет сыншысы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Амангелді Мырзабек жазушылардың өмір, шығармашылық жолы туралы айтып, құттықтауын жеткізді. Аймақ басшысы шараға арнайы келген Құлбек Ерғөбек пен Амангелді Мырзабекке де сырбойылықтардың атынан сыйқұрмет көрсетті.

Қызылорда қаласы мен Қармакшы ауданының Құрметті азаматы Сәпен Аңсат, ақын, Қазақстан Жазушылар одағы Қызылорда облыстық филиалының төрайымы Қаршыға Есімсейітова жылы лебіздерін білдірді.

Іс-шара соңында мерейтой иелері көрсетілген құрметке ризашылықтарын жеткізді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ЕЛДІКТІ НЫҒАЙТУ БІРЛІГІМІЗДЕН БАСТАЛАДЫ

Еліміздің мерекелер тізіміне қайта еніп, атаулы күнге айналған ұлттық мейрам – Республика күні егемендік алған сәттерді еске түсіріп қана қоймай, сол кездің қадірін түсінуге, бүгінгі тәуелсіздікті бағалауға үндейді. 1990 жылы 25 қазанда «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Бұл Қазақстанның тәуелсіздік алуына жол ашқан ең маңызды құжат болатын.

Алғаш рет ел аумағының тұтастығы, халқымыздың мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету, ұлттық болмысымызды қалыптастыру секілді қағидаттар бекіді. Елдің береке-бірлігін нығайтып, тәуелсіздігімізді сақтау жолында басталған алғашқы қадам туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Енді бұл мейрамды күллі ел болып жана мазмұнда атап өтетін боламыз. Қайта жаңғырған Республика күні – бұл халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайта түсетін аса маңызды тарихи қадам» деген еді.

Елдігімізді қуаттап, халқымыздың ауызбірлігін арттыру – қоғам үшін қашанда басты іс. «Бірліксіз тірлік оңбас» деген. Адам баласы қоғам сөзін туысынан көп естиді. Өйткені, өзінің сол қоғамның бір бөлшегі екенін түсінеді. Адамның жалғыз ғұмыр кешуі тіпті мүмкін емес. Бұл – табиғатына жат құбылыс. Ата-анадан туып, бауыр, ағайын-туыс, көрші-көлеммен өмір сүру, үйленіп, шаңырақ көтеру, ұрпақ өсіріп-өрбіту – мұның барлығы қоғамды дамытатын ортақ құндылықтар. Қазақ халқында «Жалғыздық Аллаға ғана жарасқан» деген даналық сөз қалған.

Расында, жалғыздық Алланың ұлылығына тән болса, ал адам баласының қоғамдасып тіршілік етуі Жаратқанның шексіз құдіретін баян етеді. Адам баласы әрдайым жүйеленген тәртіпке бағынышты. Сонысымен ғана адами қалпын сақтап, адамзатқа игілікті іс қалдырады. Құранда Алла Тағала былай дейді: «Әй, адам баласы! Күмәнісі сендерді бір ер, бір әйелден жараттық. Сондай-ақ бір-біріңмен танысып-білісу үшін сендерді ұлт-ұлтқа, ру-руға бөлдік. Расында, Алланың құзырында ең ардақтыларың тақуалықта ең жақсы болғандарың. Шүбәсіз Алла толық білуші, әр нәрседен хабардар болушы» («Хужұрат» сүресі, 13-аят).

Құран – Құдай сөзі. «Әй, адам баласы!» деп басталатын бұл аятта Алла Тағала бізге өмір зандылығын көрсетіп отыр. Адам жалғыз өмір сүре алмайды. Бір-бірің болыстыру, бір-біріңнің қажеттілігіне болысу арқылы ғана жүйелі тәртіп орната алады. Мұндағы мүдде – ізгі қоғам қалыптастырып, бейбітшілік пен тыныштыққа бірге ғұмыр кешу.

Ұлт-ұлтқа, ру-руға бөлінген адамзатты біріктіретін құндылық ізгіліктен тұрады. Ізгі қоғамды қалыптастыратын жандар – Алланың ең ардақты деп танылған тақуа құлдары. Тақуалық – Алладан шын қорқып, бұйырған әмірлерін ықыласпен орындау дегенді білдіреді. Жүрегінде зәредей жаманшылығы жоқ жандар ғана Отан алдында адал еңбек етіп, қоғамның тыныштығы үшін үлес қосады.

Дана халқымыз: «Құдайдан қорықпағанның қорық» деп ескерту айтқан. Құдайдан қорқатын адам өзі өмір сүріп жатқан қоғамға жақсылықтың дәнегін егеді. Құдайдан қорықпағанның қоғамға келетін зиян мен кез келген қауіптің бәрін күтуде

болады. Қай қоғамның жақсылыққа бет түзеуі немесе жамандыққа жол ашуында әр адамның өзіндік қолтаңбасы қалады. Өйткені, жақсылық-жаманды қоғам қалыптастыратын ол – адамзат. «Төртеу түгел болса төбедегі келеді, алтау ала болса ауыздағы кетеді» деп бабаларымыз татулыққа, бірлікке, ынтымаққа әркез үндеп отырған. Қабылыса жыраудың:

– Бақ, қайда барасың?
– Елімен болған бірлігі,
Тағат, ғибадат тірлігі,

Ұйымшыл елге барамын, – деп келетін жыр жолдары да осыған дәлел. Береке елдің бірлігінен басталады. «Қол жұмылмай, жылындайды», «Ауыл болсаң, қауым бол», «Ынтымақ барда ырыздық бар» деген қанатты сөздердің тереңіне үңілесек, елдің берекесі оның ынтымағында, ішкі ауызбірлігінде тұрғанын байқау қиын емес.

Атақты Майқы бидін:
– Бетеге кетсе, бел қалар,
Бектер кетсе, ел қалар,
Берекен кетсе, нең қалар?» деген нақылы дәл бүгінгі таңда тіпті өміршен болып тұр.

Шынында елдің берекеесі кетсе, не қалады?!

Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Ақиқатында, адамдардың арасында жақсылықтың кілті әрі жамандықтың құлпы болып табылатындары бар. Және адамдардың арасында жамандықтың кілті әрі жақсылықтың құлпы болып табылатындары да бар. Алла жақсылықтың кілті қылған адамдарға Туба (Жәннаттағы ағаш) болсын әрі Алла жамандықтың кілті қылғандарға қасірет болсын!» деген екен. Жүрегінде иманы бар, Алладан шын қорқа білетін пенде жақсылықтың есігін ашып жүреді. Қоғамға қауіп төндіретін жамандықпен күреседі. Әрбір жасалған жақсы істер қоғамның іргетасын бекітеді. Сол сияқты әрбір жасалған жаманшылық та қоғамның ішін жегідей жейтін құрт іспетті.

Ислам дінінде бұйырылған әрбір істің мақсаты – қоғамдағы әділетсіздікке жол бермеу, адамдар арасындағы сүйіспеншілікті арттыру. Әр адамның қоғамда жасап жатқан еңбегі, қызметі, үйренген білімі мен тәлім-тәрбиесі – елдікті қалыптастыратын игі амалдар. Абай ағамыз өзінің қара сөзінде: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың» деп бір-ақ ауыз сөзбен көп нәрсені ұғындырып кеткен. Адамшылықтың қарызы дегеніміз – елдің іргесі нық болуына титтей болса да үлес тигізу. Егер адам өз нәпсісі мен соқа басының құлқы үшін жүрсе, өзі үшін оттаған хайуанның ар жақ, бер жағы боп қалатыны рас.

Құранның ізгі қоғам қалыптастыруға нұсқайтын тағы бір аятына тоқталсақ, онда былай дейді: «Расында, мүміндер – бір-біріне шынайы бауыр. Сондықтан (жүз) шыайсып, ат күйіргын кесіскен) бауырларыңның арасын жарастырыңдар. Және Алладан



қорқыңдар. Мүмкін игілікке бөленерсіңдер» («Хұжұрат» сүресі, 10-аят). Аталған аят мүмін-мұсылмандардың бір-біріне туыс-бауыр екенін еске салады. Үмметтің бірлігі бауырлас-тықты, туыстықты сезінумен сақталады. Демек, кісі өзіне қаламаған бар жамандықты өзінің туыс-бауырына да қаламауы керек. Аяттың жалғасында екі туыстың арасын бұзатын кез келген жамандықты дереу тоқтатып, араларын жарастырып жіберу мұсылмандық-туыстық ақы екені айтылады.

«Жалғыз ағаш орман болмас, жалғыз кірпіш қорған болмас» деген ата-бабаларымыз қоғам бірлігін еркін ашқан басты орынға қойған. Бақ пен береке қоғамның ізгілігінде екенін жете түсінген. Бірде алдына сәлем беріп, елді ынтымақтастыру жөнінде келген жас Төлеге Өнет бабамыз садақтың алты оғын біртіндеп сындырып, оны екі бүктеп он екі шыбық етіп ортасынан бір буады да:

– Міне, енді сындырып көрші, – дейді. Төле бірден бір буда шыбықты қалай сындырсын. Шыбықтарды Өнет бабаға қайтарып:

– Айып етпеніз, бұл жұмағыңызды түсінбедім, – депті. Сонда Өнет бабамыз мынадай өсиет айтыпты:

– Төлежан, ешқашан өзіміңді болма, көптің айтқанын тыңда. Көптің айтқанын тыңдасаң, көп те сенің айтқаныңды орындайды. Көп болсаңдар, сендердің белдеріңді ешкім сындыра алмайды. Ал әрқайсысын жеке-дара жүріп, ынтымақтарын жараспайтын болса, мына жеке шыбықтарды сындырған секілді әркім-ақ бірліктеріңді бұзып, берекелеріңді кетіреді.

Ілгерідегі жандар: «Адам ұйымшыл, мал үйіріл» деп бекер айтпаса керек. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету және ұйымшыл болу сыйластықтан басталады. Егер бұл айтқандар болмаса, ел ішінен береке кетеді. Қоғамның дамуына әсерін беретін және бір құндылық – адамның көркем мінезді болуы. Дамыған елдердің басты құндылығы осында. Кісіге күлімдеу, құрмет көрсету, жәрдемің тигізу – мұның барлығы сол көркем мінезден туындайды. Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) көркем мінезімен нағандық құрсауындағы Мекке халқын мойындатып, оларға өнеге көрсете білді. Ол (с.ғ.с.) пайғамбарлық келгенге дейінгі қырық жыл өмірінде адамгершілік қасиеттің қоғамға әкелер пайдасын дәлелдеді. Ел арасында «шынышыл» деген мағынадағы «Мұхаммадул-әмин» лақап

есімімен танылды. Тіпті Алла Елшісі (с.ғ.с.) сахабаларына: «Мен жер бетіне көркем мінезді кемеліне келтіру үшін жіберілдім» деген еді. Бір хадисінде: «Адамдардың ең жақсысы – адамдарға пайда әкелгендері» дейді. Бұл хадистің мәні терең, тәрбиесі мол. Адам болып туу – бір бақыт. Ең жақсы алам болып қалу – мың бақыт. Себебі, ондай адам алған білімімен, жиған байлығымен, бойындағы көркем мінезімен, қолындағы қызметімен адамдарға пайда тигізіп, ізгі қоғамның іргесін мықтады. Енді бір хадисте: «Нағыз мұсылман – өзгелерге тілімен де, қолымен де зиян келтірмеген адам» деп сипатталады. Бір сөзбен айтсақ, нағыз мұсылман – қоғамның үлгі тұтар азаматы. Өйткені, ондай адам қоғамға тілімен, қолымен еш зиян бермейді. Сөзі мен ісі қоғамның игілігіне ғана пайда әкеледі.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы: «Біздің халық алдындағы басты міндетіміз – жұртымызды жақсылыққа үндеп, жамандықтан тосу, ізгі қоғам құруға қадам жасау. Біз үшін қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігі маңызды» деп дін өкілдерінің мұрат-мақсатын белгілеп берген болатын.

«Илегеніміз – бір терінің пұшапға» демекші, халыққа дін мен дәстүрді дұрыс насихаттау, ұлттық болмысымыз бен бірлігімізді қалыптастыру жолында Діни басқарманың Қызылорда облысы бойынша өкілдігі де айтарлықтай үлес қосып келеді. Өңірімізге қарасты қала, аудан-ауылдарымызда дін мен дәстүрді ұлықтайтын түрлі форматтағы шаралар жамағат арасында тұрақты ұйымдастырылуда. Мәселен, «Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз» атты шаралар жастар арасында жиі өткізіледі. Дін мен дәстүр сабақтастығы жыл бойы дәріптеледі. «Бірлігі бекем жамағат» атты мешіт жамағатына арналған жұмыстар жүргізіледі. Дұрыс сенім қалыптастыру, көркем мінез иесі болу, қоғамға жақсылық жасау, жат әдеттерден алыс жүру сынды құндылықтар насихатталады. Бұдан бөлек, қоғамдағы әлсіз топтар да назарымыздан тыс қалған емес. «Тайқазан», «Мектепке жол», «Болашаққа үміт сыйла» атты бастамалар аясында қайырымдылық шаралар жалғасын табады. Өрине, мұның барлығы қоғамның игілігі мен халқымыздың береке-бірлігі үшін жасалып жатқан жұмыстар екені сөзсіз.

«Бірлігі кеткен ел жаман, егесіп өткен ер жаман» дейді Қаз дауысты Қазыбек би бабамыз. Айтса айтқандай, мұсылман баласы үнемі ізгі істің басы-қасынан табылуы керек. Сондықтан әрбір мұсылман үмметі елдің бірлігін нығайтып, татуластықты қалыптастыруға өзіндік ықпалын тигізуі қажет. Халқымыздың: «Отаны бірдің жүрегі бір, ал жүрегі бірдің тілегі бір» деуі де бекер сөз емес. Елдің өркендеуі үшін тілегіміз бен жүрегіміз бір болса, адамдар арасындағы татулық, бауырлас-тық, туыстық артады.

Бірлігі бекіген, татулығы тұтасқан Қазақ елінің аспаны еркін ашық болғай. Ұлттық мейрамымыз – Республика күні құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, ағайын!

Дастан қажы ЖАНАСҰЛЫ,
Қызылорда облысының бас имамы

ТАРИХТАН ТІН ТАРТҚАН ТАҒЫЛЫМ



Егемендік – өз билігін өзі егелену деген сөз. Біраз кісілер «Егемендік пен тәуелсіздік бір ұғым емес пе, екеуі бір мейрам болса да жетпей ме» деген пікірде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің басты мерекесі, яғни, жалғыз ұлттық мейрамы 25 қазан – Республика күні екенін атап өтіп, «Бұл – қазақтың сан ғасырлық мемлекеттілік дәстүрі жаңғырған күн» деген болатын. Ал

16 желтоқсан мереке ретінде емес, еліміздің тәуелсіздік алуына зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтуі керек деп, ол күнге жаңаша сипат берген.

Шын мәнінде егемендік – халқымыздың жүрегiнен орын алған тарихи дата, мемлекеттігіміздің жаңғыру нышаны.

1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Мемлекеттік егемендік туралы декларация Қазақстан Республикасының тәуелсіз ел болуға бет алғанын айқындады. Осы құжатта алғаш рет еліміздің жері мен байлығы, тағдыры өз халқына тиесілі екені ресми түрде жарияланды.

Бұрын біз Кеңес одағына бағынышты ел есебінде дербес шешім қабылдап, сыртқы саясатта өз мүддемізді білдіре алмайтын едік.

Декларацияда Қазақстан халықаралық қатынастардың дербес субъектісі болуға, халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысуға құқығы бар егемен мемлекет болып танылды. Онда елдің саяси-құқықтық тәуелсіздігінің бағдарламасы баян етілді.

Кеңес одағы құрамындағы ел бола тұра республиканың саяси, экономикалық, әлеуметтік, ұлттық-мәдени құрылысына, оның әкімшілік-аумақтық құрылысына байланысты мәселелер ешкімнің араласуынсыз шешілетіні жарияланды.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң осы декларациядағы бағдарлама негізінде қабылданды. Демек, Егемендік декларациясы ел тәуелсіздігіне тікелей жол ашты.

Бұл – ғасырлар бойы азаттықты аңсаған ата-бабалымыздың арманы орындалған күн еді.

Тәуелсіздік пен егемендік идеясы қазақ халқының жадында еркінан сақталып келді. Күлтегін мен Тоныкөк жазбаларынан бастап, Қасым ханның «Қасқа жолы», Абылай ханның ел бірлігі жолындағы күресі, Алаш арыстарының ұлт тәуелсіздігі үшін жасаған ерліктері – соның айғағы. Республика күні – осы тарихи сабақтастықтың, ұлт рухының жалғасы.

Республика ұғымының мәні – халық билігі, яғни, ел тағдырын азаматтардың өздері шешетін мемлекет. Бұл – демократия мен әділдікке, теңдік пен бірлікке негізделген қоғамның нышаны. Сондықтан Республика күні – елімізде өмір сүріп жатқан әр азаматтың жүрегінде мемлекетке деген мақтаныш пен жауапкершілікті оятаын мереке.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан әлемге бейбітшілікті ту еткен, ынтымақ пен тұрақтылықты сақтаған, экономикалық тұрғыдан өсіп-өркендеген ел ретінде танылды.

Қазіргі кезеңде халықаралық қауымдастықтың беделді мүшесі, өңірлік көшбасшы мемлекет. Бұл жетістіктер – халқымыздың еңбегінің, ел бірлігінің және сарабдал саясаттың нәтижесі.

Бүгінгі таңда Қазақстан жана дәуірге қадам басты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүргізіліп жатқан реформалар елдің саяси жүйесін жаңғыртуға, әділетті қоғам қалыптастыруға бағытталған. Бұл үдерістердің түпкі мақсаты – азаматтың мемлекет алдындағы құқығы мен қадірін арттыру, елдің болашағын ортақ жауапкершілікпен құру.

Республика күні – осы реформалар рухымен үндес мереке. Өйткені «республика» ұғымы жанару, өзгеріс, жауапкершілік дегенді білдіреді.

Бүгінгі Қазақстан – өз болашағына сенетін, тарихынан тағылым алып, жаңа белестерге ұмтылған ел.

Халқымыз «Бірлік бар жерде тірлік бар» дейді.

Тарих дәлелдегендей, татулық пен келісім – елдің ең үлкен байлығы. Қазақстанның бүгін мен ертеңі осы құндылықтарға сүйенеді. Бейбіт өмірдің, дамуың, өркендеудің кепілі ұлттың бірлігі мен азаматтардың өзара түсіністігі деп тану керек.

Ардагер ұрпақ үшін бұл – ел тәуелсіздігі жолындағы күрестің, еңбектің, төзімнің нәтижесін еске алу күні. Ал жас буын үшін – жауапкершілік пен патриотизмге бастайтын сабақ. Сондықтан әрбір азамат Республика күнін жүрегімен сезініп, елінің дамуына үлес қосуға ұмтылуы тиіс.

Республика күні – бұл жай ғана тарихи дата емес. Бұл – мемлекеттілігіміздің, демократиялық құндылықтарымыздың және ұлттық бірлігіміздің мерекесі. Ол – бізді өткенге тағзым етуге, бүгінгі жетістіктерімізді бағалауға және болашаққа сеніммен қарауға үндейді.

Бірлігіміз бекем, еңбегіміз берекегі болсын! Республика күні баршамызға құтты, елімізге игілік әкелсін!

Бекмырза ЕЛАМАНОВ,
Қызылорда облысының құрметті азаматы,
ҚР Сенаторлар кеңесінің мүшесі



ІРГЕЛІ ОҚУ ОРДАСЫНЫҢ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУ ЖОЛЫ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті – еліміздің алдыңғы қатарлы білім ордаларының бірі. Оқу орны өңірдің экономикасын, мәдениетін, ғылым мен білімін қалыптастыруға және дамытуға үлес қосып, сапалы маман даярлауда. Жоғары білім, халықаралық тану, белсенді зерттеу және дамыту, инновация, мықты факультеттер және дарынды түлектер – университеттің жетістігі. Сондай-ақ адамның тұлға болып қалыптасуына, жан-жақты қабілетін ашуға, жоғары көрсеткіш көрсетуге ықпал ететін, көпжылдық білім саласындағы және ғылыми жұмыста тәжірибесі мол оқу орны. Даму стратегиясына сәйкес оқу процесін жаңғырту, білім мазмұнын әлемнің жетекші университеттерімен сәйкестендіру бойынша оқу бағдарламаларын әртараптандыру жұмыстары жүйелі атқарылып келеді.

Талантты, дарынды студенттердің басын біріктірген білім ордасын таңдайтын жастар қатары да жылдан жылға артып келеді. Еліміздің өзге өңірлерінен бөлек, сырт елдерден келетін студент көп. Бәсекеге қабілетті, сапалы кадр даярлауда оқытушылар құрамы өздерінің біліктілігін дәлелдеді.

Жалпы университеттің жеткен жетістігі аз емес. Бұл туралы басқарма төрағасы – ректор Бейбіткүл Кәрімова жылдағы дәстүрге сай есепті кездесуде кеңінен баяндап берді. Іргелі оқу орнының атқарған жұмысы мен алдағы міндеттер туралы, академиялық білім беру, ғылыми-зерттеу, халықаралық қатынас, әлеуметтік қызмет бағытындағы бастамаларға тоқталды.

Білім ордасы басшысының айтуынша, университет еліміздегі білім мен ғылым саласының өркендеуіне, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына және сапалы адами капитал қалыптастыруға бағытталған даму бағдарламасын жүзеге асырып келеді.

– Университет танымалдылығын арттыру және әлемдік аренада бәсекеге қабілеттілігін көтеру үшін жыл сайын жаһандық рейтингке қатысады. Алғаш рет QS WUR рейтингінде көрінсе, биыл «4 жұлдыз» сапа белгісін иеленіп, оқыту, тиімді басқару, академиялық даму, инфрақұрылым, еңбек нарығына бейімделу, халықаралық серіктестік, қоршаған ортаға әсер, инклюзивтілік сынды бағыттарда жоғары көрсеткіш көрсетті. Ал QS Asia University Ranking 2025 аймақтық рейтингте Азияның жоғары оқу орындары арасында TOP 541-560 орынға ие. Сондай-ақ QS World University Rankings: Sustainability 2025 рейтингінде алғаш рет TOP 1401-1450 қатарында болды. U1 GreenMetric рейтингінде университеттің позициясы – 1160, былтыр Times Higher Education Global University Impact Rankings-2025 рейтингінде тұрақты даму мақсаттарына әсері бойынша 1501-і позицияны иеленіп, биыл да бұл позицияны сақтап қалды. Ұлттық рейтинг бойынша университет НААР өткізген ең суранысқа ие жоғары оқу орындары арасында 7 орынды иеленіп, еліміздегі TOP-10 қатарына енсе, 29 білім беру бағдарламасы Қазақстанда үздік үштікке ілікті. Ал 6 білім беру бағдарламасы «Атамекен» ҰКП өткізген бағдарламалар рейтингі бойынша TOP-10 қатарына кірді, – деді ректор.

Білім ордасында жағымды жаңалық көп. Соның бірі – қандастардың білім алуына жағдай жасалуы. Мәселен, былтыр 21 қандас тегін оқуға қабылданды. Биыл 20 бакалавриат пен 4 магистратура бағдарламасы бойынша арнайы білім грантын табыстау жөнінде шешім қабылданды. Бұл – құптарлық әрі қуанарлық іс. Сол студенттің қатарында Қытайдан келген Аяғөз

Мейрамбекқызы да бар.

– Былтыр университеттің дайындық факультетінде оқыдым. Сол кезде грант жайлы естіп, дайындалдым. Биыл шетел тілі мамандығы бойынша магистратураға грантқа түстім. Мен көптеген қалада болдым. Бірақ Қызылорда ерекше ұнады, қазақ тілін меңгердім. Оқу ордасының да дәрежесі жоғары. Заман талабына сай білім береді. Енді алдағы уақытта диплом алғаннан кейін, докторантураға түсу ойда бар, – дейді ол.

Оқу орны отандық, шетелдік ЖОО-лармен, ғылыми орталықтармен тығыз байланыста. Бүгінгі таңда университетте оқу 155 білім беру және 12 бірлескен білім беру бағдарламасы жүзеге асырылады. Қос-дипломдық білім беру аясында оқу 4 бағдарламамен жүргізіледі. Олар СеулТехпен («AI architect», «Data management»), МАИ («Восход» филиалымен (Ресей) – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» (бакалавриат) және Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетімен педагогика және психология мамандығы бойынша. Сондай-ақ университетте 10 жаңа білім беру бағдарламасы әзірленді.

Биыл оқу-тәрбие процесіне 11 673 студент қатысуда. Олардың ішінде бакалавриатта 10 360, магистратурада 588 және докторантурада (PhD) 93 студент оқиды. Студенттер контингенті 2019-2020 оқу жылымен салыстырғанда 2,2 есе өскен, ал мемлекеттік грант негізінде оқитындар саны 4,8 есе артқан.

Осы оқу жылында университетке 4 252 адам қабылданды, оның 1415-і грант иегері, 686 шетелдік студент келді. Былтыр 151, биыл 169 басқа қаладан келген студент осы оқу орнын таңдаған. Бүгінде университетте Ресей, Өзбекстан, Моңғолия, Қытай, Түркменстан елдерінен келген 729 шетелдік білім алууда.

Студенттердің сыртқы академиялық мобильділігі дамуда. Соңғы екі оқу жылында 202 студент шетелдік университеттерде білім алды. Атап айтар болсақ, Польша, Бельгия, Өзбекстан, Оңтүстік Корея, Қытай, Түркия, Қырғызстан, және Әзербайжан. Сондай-ақ былтыр университет Түрік университеттері одағының ORKHUN бағдарламасына енді.

Ғылыми-зерттеу бағыты бойынша да атқарылған жұмыс ауқымды. Университет оқытушылардың гранттық қаржыландыру жобаларына, ЖАО және компаниялар тапсырысы бойынша, сондай-ақ халықаралық жобаларға барынша қатысуын қамтамасыз етеді. 2021 жылмен салыстырғанда, орындалған жобалардың саны 3 есе өсті. Биыл 32 ғылыми жоба жүзеге асыры-



луда. Нәтижесінде ғылым бойынша кіріс көлемі 7,7 есе өсті.

2021 жылдан бастап жас ғалымдарды қолдау шеңберінде университетте жыл сайын ішкі гранттар бөлінеді. Ғылыми-зерттеу қызметін әрі қарай дамыту, жаңа ғылыми мектептерді қалыптастыру мақсатында 2021 жылы университетте профессор-зерттеуші лауазымы енгізіліп, 5 маман жұмыс істейді. Қазір 5 халықаралық ғылыми және білім беру жобасы жүзеге асырылуда.

Университет жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен серіктестік географиясын кеңейтуде және оқу процесіне жоғары рейтингті ғылыми журналдарда жарияланымдары бар шетелдік ғалымдарды белсенді тартуда.

2024-2025 оқу жылында сабақтарды 26 шетелдік ғалым жүргізді. Бүгінде университетте Оңтүстік Корея, АҚШ және Түркия Республикасынан келген 4 оқытушы-волонтер жұмыс істейді.

Малайзиядан келген профессор Мухаммад Ашраф Фаузи тын тақырыптың бірі жасанды интеллект туралы өз ойын білдірді.

– Жасанды интеллект арқылы көптеген саланы дамытып, әртүрлі бағдарламаны жүзеге асыруға болады. Сол себепті студенттер ChatGPT-ді жауапкершілікпен қолдану керек. Себебі мақала жазылған кезде көбіне плагиатты алға қойып, өздерінің сыни тұрғыдан ойлау қабілетін тежейді. Жасанды интеллектті құрал ретінде, яғни жақсы нәтижеге жету, көрсету барысында қолдануға болады, – дейді ол.

Сондай-ақ университетте 22 жасар ұйымы және 11 спорт секциясы жұмыс істейді. Студенттер 8 жобаны жүзеге асыруда, оларға әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Басқа қалалардан келгендер жатақханамен қамтамасыз етілген.

Жыл сайын республикалық пән-

дік олимпиадалар мен ЖҚЖБ жеңімпаздарының саны артуда. Биыл республикалық пәндік олимпиадалардың жеңімпазы 80, ЖҚЖБ жеңімпазы 32, Президент стипендиясын алғандар 26 адамға жетті. 2022-2023 оқу жылынан бастап студенттерге COURSERA халықаралық білім платформасынан жетекші ғалымдардан білім алу мүмкіндігі берілді. Кейінгі 3 жылда 3000 студент оқып, 4773 сертификат алды. Бұл да жоғары көрсеткіш.

Спортта бағы жанған студенттер Әлем, Азия және Қазақстан чемпионаттарының жеңімпазы атанды. Қазіргі таңда университетте 10 Әлем чемпионы мен жүлдегері, 23 Азия чемпионы мен жүлдегері, 130 Қазақстан чемпионы мен жүлдегері білім алады.

Ректор хабарламасында студент жетістігі тек еліміздің ғана емес, университеттің де беделін арттыратынын айтты.

– Студенттердің инновациялық идеялары мен стартап-жобаларын жүзеге асыруға толыққанды мүмкіндік беретін Бизнес-инкубациялық орталық (БІО) табысты жұмыс істеуде. Бұл орталық жастардың кәсіпкерлік ойлауын дамытып, заманауи цифрлық дағдыларды меңгеруіне ықпал етеді. Орталықтың жетістіктері айтарлықтай. Кейінгі төрт жылда стартап-жобалар саны тұрақты өсім көрсетіп, 24-тен 44 жобаға дейін жетті. Резиденттердің жобаларына инвестиция тартылғанын мақтанышпен айтамыз.

Бүгінде орталық қызметі 13 300-ден астам жасты қамтып, 67 резидент инкубациядан өтуде, ал орталық түлектерінің саны 145-ке жетті.

Студенттерге қолайлы жағдай жасау негізінде жаңа коворкинг ашылды. Ол 35 қуатты компьютермен, бейне-конференция жүйесімен және интернетпен жабдықталған. Білім беру бағытында «AI-Sana» бағдарламасы

аясында барлық бакалавриат, магистратура білім алушылары жасанды интеллект негіздерін оқыды. Сонымен қатар, Python, Data Science және Project Management сияқты суранысқа ие курстар өткізіліп келеді, – деді ректор.

Кадрлық әлеуетке келер болсақ, университетте 504 оқытушы, оның ішінде 16 ғылым докторы, 176 ғылым кандидаты, 53 (PhD) доктор бар. Оқытушылардың 49%-ы – ғылыми дәреже иесі. Оқу процесіне тәжірибелі мамандар белсенді тартылып келеді. Кейінгі 3 жылда «500 ғалым» жобасының жеңімпазы 25 оқытушы болса, былтыр 6 оқытушы шетелдік университеттерде тағылымдамадан өтті. Былтыр 437 адам біліктілікті арттыру курсынан өтсе, биыл алғаш рет оқытушыларға COURSERA халықаралық білім платформасында оқу мүмкіндігі берілді. Қазіргі таңда 150 оқытушы 939 пән бойынша білім алып, оны сабақта белсенді қолдануда. Ғалымдар еліміздің ғылым және жоғары білім жүйесін дамытуға үлес қосуда. Олардың арасында мемлекеттік марапат иегерлері де бар. Мәселен, «Парасат» орденін Б.Кәрібозов, Қ.Бисенов, С.Қошқаров, Ұ.Жаңбершіева алса, «Құрмет» орденін И.Тау-тенов, «Ерен еңбегі үшін» медалін К.Омаров, Б.Кәрімова, Л.Тохетова, А.Сейтмұратов, Н. Құлмырзаев және Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» алтын медалін М.Бөрібаева иеленді.

Университеттің кірістері мемлекеттік білім беру гранты, білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарттар бойынша қаражат, ғылыми-зерттеу жұмысы, негізгі емес қызметтен түсетін өзге де түсімдер есебінен қалыптасады. Қаржыландырудың 94%-дан астамы – білім беру және ғылыми қызметтен түсетін кірістер. Жыл сайын табыс өсімі байқалады. Кейінгі 5 жылда университеттің табысы білім алушылар контингентінің ұлғаюы және ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың артуы есебінен 3,4 есе өсті.

Бәсекеге қабілетті мамандар даярлау үшін материалдық-техникалық базаны нығайтуда көптеген жұмыс атқарылуда. Кейінгі 5 жылда 56 жаңа кабинет пен зертхана сатып алынды.

– «Орта білім берулі жаңғырту» жобасы аясында Дүниежүзілік банктің қаржыландыруымен биология, химия және физика кабинеттері ашылды. Университет оқытушыларына онлайн курстар дайындау үшін 2 робот кабинеті сатып алынды. Демеушілер есебінен 22 аудитория жөнделіп, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді, оның ішінде 4 кабинет жаңартылды. Сондай-ақ №2 жатақханаға күрделі жөндеу жүргізілді. Жалпы алғанда 2020 ақпан бері 185 аудитория жөнделді. Мысалы, өткен жылы №5 оқу корпусында жөндеу жұмысына және ботаникалық бақты модернизациялауға тиісті қаржы қаралды. Былтыр коворкинг орталығы іске қосылып, 50 орындық асхана салынып жабдықталды. Енді №1 оқу корпусындағы жанартылған кітапхананы ашу жоспарланып, оған қаржы бөлінді. Сондай-ақ инженерингтік парк құрылысына арналған жобалық-металық құжаттар дайындалды, – деді Б. Кәрімова.

Университет басшысы Президенттің тапсырмасы бойынша ЖИ және IT саласын дамыту бағытындағы жұмыстың жүйелі жалғасын жатқанын айтты. Арал өңірінің экологиясын жақсарту мен аграрлық технологияларды дамыту, су ресурстары мен суды үнемдеу технологияларын енгізу бағытында бірлесіп кадр даярлау, өңірге келіп жатқан инвесторлармен бірлесіп жұмыс жасау, микроквалификациялар, қызметкерлерді сертификаттау, біліктілікті арттыру бойынша Rosa Групп испаниялық компаниямен бірлесіп жұмыс атқарылуда.

Сондай-ақ өңірде қатарлық инвесторлар салатын бу-газ станциясына электроэнергетика, автоматтандыру, техникалық бағытта, құрылыс саласының мамандарын даярлау, құрылыс материалдары мен конструкцияларын өңдеу бойынша бірлескен жұмыс қолға алынды. Мұнай-газ саласындағы өңірлік компаниялармен бірлескен жұмыс химиялық технологияларды дамыту, өңірдегі мәдени ескерткіштерді сақтау мен археологиялық қазба жұмыстарын жалғастыру, аймақтағы компанияларға азық-түлік өнімдерінің технологиясы және тағам химиясы бағытында кадр даярлау оң жолға қойылды.

Кездесу соңында қатысушылар сауалдарын қойып, жауап берілді.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»





Кемеңгер жазушы, ғұлама абыз Әбіш аға Кекілбайұлы: «Ұлт аналар берген ақ сүттен нәр алып, әкелер көрсеткен ата жолмен өркендейді» дегендей, сөзсіз, біз кешегі көрген аталар мен асыл әкелердің даңқты іздеріне ерекше құрметпен қарап, мәңгілік тағзым етеміз.

Қазақ тарихының әр парағында қатпар-қатпар оқиғалар жатыр десек, соның ішінде XX ғасырды ұлт тарихында ойып тұрып орын алған кезеңнің бірегейі деп білеміз. Өйткені, қазақ елінің тұтастығы әбден нақтыланып шешілген, ұлт зиялыларының салтанат құруы, Алаш үкіметінің негізі қалануы, қазақ интелегенциясының өркендеуі, т.с.с. ірі-ірі ауқымды да маңызды оқиғалар дәуірі деп пайымдаймыз.

ӨЗ ЗАМАНЫНАН ОЗА ТУҒАН

Осыдан бір ғасыр бұрын «Қызылорда» атауын иемденген және ел астанасы болған Қызылорда қаласы — қазақ халқының өз еркіндігін алуының, ұлтымыздың «Қазақ» деген атауға ресми түрде ие болуының тарихи куәсі екені даусыз. Сол яки, 1925 жылы елордамыз Ақмешітке көшуінің басында тұрған мемлекетшіл тұлғалар қатарында есімі айрықша тұлға, көрнекті мемлекет қайраткері Жалау Мынбайұлының да еңбегі ұшан-теңіз.

«Жалау — алдымен елдің ұлы еді, қарапайым ортадан қайраткер дәрежесіне дейін көтерілген кесек тұлға» деп филология ғылымдарының кандидаты, белгілі әдебиеттанушы ғалым Қабиболла Сыдиқұлы жазғандай, расында Жалау қазақ халқының ерте сөнген шок жұлдызы, төбесіне көтерген ел басшысы, ұлты сыйлаған біртуар кемеңгері еді. Кезінде қайраткердің есімін елімізге белгілі ғалымдарымыз терең-

уақыттағы Ақмешітке съезд өткізетін жөндем үй де жоқ екен. Қала лас, көшелері тар, көп жерінде жарық жоқ. Екінші хатшы Сұлтекен екеуі табанынан таусылып жүріп, ақыры ақыл-есі кең аурулардың ауруханасын тауып босатады, ондатыды. Съезге келген делегаттарға, қонақтарға түсетін мекен-жай қамдайды. Ас-су мәселесін ұйымдастырады. Шаруашылық жағы осындай қарбалас болғанда, өзге шаруаларсірәжетіп артылады. Әйтеуір мігір жоқ. Ақыры съезд де өтеді. Онда Ақмешіт атын Қызылорда деп атау, бұрынғы Қырғыз Орталық атқару комитетін енді «Қазақ» деп өзгертуге қарар шығарылды. Ол Мәскеудің мақұлдауына ұсынылады. Үзіліс кезінде жиналғандарға қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің көрмесі көрсетілді. Көрмені ұйымдастыруға атсалысқан, кейіннен республикада көрнекті мемлекет қайраткері болған Нұртас Оңдасынов. Осы

лықтың туындауына түрткі болған жерге орналастыру мәселесі қаралды. Ол бойынша қазақ шаруаларына шабындық және егістік жерлерді белгенде артықшылық беру жағы көзделді. Иригациялық құрылыстарды жедел дамыту, суландыру, сауда мен кооперация, қаржы жүйесін қалыптастыру сияқты шаруалар талқыға түсіп, қажетті шешімдер қабылданды. Республикада ендігі жерде оқу-ағарту жүйесі мен мәдени құрылысты дамыту кезек күттірмейтін іс делінді. Ағарту халкоматына жақын болашақта қазақтың ұлттық драма театрын ашу тапсырылды. Өз қызметін табысты өткізген Бүкілқазақстандық кеңестердің V съезі қазақ халқына үндеу тастап, онда былай деп көрсетті:

— Алдымызда Қазақ республикасын экономика жағынан көркейту кезеңі тұр, еліміздің өндіргіш күштерін көтеру жолындағы, ҚАКСР-ын мекендейтін барлық еңбекшілердің материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін көтеру жолындағы күрес кезең тұр. Қазақ халқын бірлікке, елдікке шақырады. Осы бірлік пен елдікті жүзеге асыратын көп ретте жергілікті жерлердегі өкімет органдары десек, 1925 жылдың 1 тамызына қарай губерниялық және уездік атқару комитеттерінің төрағалары түгелдей сайланды, — деп жазады.

Жалпы қайраткер Ж.Мынбайұлы сол бір ауыртпалығы мол күндердің өзінде-ақ осы кезге дейін әлі де мән-мағынасын жоя қоймаған қадау-қадау ірі мәселелерді тиянақты етіп шешуге зор күш салды. Бұл бағытта жасалған ілкі қадамдардың барлығы да 5-ші басқосудан соң, жана елорда Қызылордадан бастау алғаны тарихи ақиқат.

Қызылордада Жалау төрағалық еткен тұста 1925 жылдың сәуірінде Қазақстанның астанасы Орынбордан Ақмешітке көшірілгенде республика аймағы үштен біріндей кеңейіп, 2,7 миллион шаршы шақырымға жетті, қазақтар республика халқының 61,3 пайызын құраған.

Қазақстанның территориясы тұтастығын сақтауда көп еңбек сіңіріп, ұлттық территориялық межелеуден кейін Қазақстан шекарасын бекіту құжатына (1925-1929 жж.), сонымен бірге Қазақ Республикасының алғашқы елтанбасын бекіту, 1926 жылы Қазақтың тұңғыш ұлттық драма театрын (бүгінгі М.Әуезов атындағы) құру туралы қаулы құжаттарына қол қояды. Тағы бір қайраткерлік тындырымды істерінің бірегейі — қазақ шаруаларының тұңғыш баспасөз үні болған «Ауыл тілі» газетін ұйымдастырып шығарып, оның редакторлық қызметін өзі атқарды.

1925 жылы қыркүйек-қазан айларында Жалау Мынбайұлы Қызылордада өткен Қазақстанның құрылғанға 5 жыл толу мерекесіне арналған салтанатты жиында кеңес құрылысы туралы Бүкілқазақтық I құрылтайда «Кеңестердің тарихи ролі және кеңес құрылысының негізгі принциптері» атты тақырыпта баяндама жасайды. Сол Қазақстанның 5 жылдық тойында Қызылордада түсірілген бейнетаспада (1925-1926 жж.) қайраткердің митингте қолын сермеп, жұрт алдында сөйлеп тұрған үзік-үзік кадрларды Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының киноқұжаттар және дыбыс жазбаларының Орталық мемлекеттік архивінде бүгінде сақтаулы тұр.

Ал маңғыстаулық кеңес және партия қызметкері болған Өтежан Алшымбаевтың «Есейдім бірге еліммен» кітабының 133-137 беттерінде: «Қазақтың көрнекті ақыны Асқар Токмағамбетов Қызылорда қаласы Қазақстан астанасы болуының 25 жылдығына орай 1959 жылы жазған «Қызылорда» деген өлеңінде В.Ленин қайтыс болған қаралы митингте сөйлегендер арасында Ораз Жандосов пен Әліби Жангелдиннен кейін, үшінші етіп Жалау Мынбаевты көрсеттігі.

— ...Әр ойға, әр жүрекке түсіп алау, Қайғылы, көзінде жас, түсі жадау. Түнеріп трибунада тұрған тұнжыр, Кім деп ем, Мынбаев екен Жалау... — деген танымдық естелігін көруге болады.

Қасиетті Сыр елі — ғасырлардан бері тамырын тереннен тартқан тарихқа бай құтты мекен. Топырағынан түлеп ұшқан жампоздардың бәрін тізбектеп айтпағанның өзінде, Мұстафа Шоқайдай асыл бекзета азаматты дүниеге әкелген тарлан түбектен қалай ғана айналмасын. Сол Мұстафа Шоқайдың бүгінгі мақала кейіпкері Жалаумен қандай бауыр екенін тарқатып жазбадық, себебі оны халық бізсіз де жақсы біледі.

Иә, бұл шағын мақаламызда біз нұқтаға басы сыймаған өр оғылан ұл Жалаудың ғұмыры ахында оқырман қауымға толық қамтып жеткізе алдық дей алмаспыз. Дей тұрғанмен оның тұлғалық образын, кейінгі жас ұрпаққа өнегелі болзын, туған халқының жадында даңқты есімі жанғыра беретін айрықша тұлға екенін тағы бір мәрте еске салу еді.

Кенжебек СЕРЖАНҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.
Маңғыстау облысы,
Ақтау қаласы



Базарбаев Ахметулла 1950 жылы Арал ауданының Сексеуіл кентінде дүниеге келген. Сондағы орта мектепті бітіргеннен кейін 1971 жылы Ақтөбе медицина институтына оқуға түскен. Институттың хирургия бөлімін 1977 жылы аяқтаған соң Қызылорда облыстық ауруханасында интернатурадан өтеді, облыстық басқарманың жолдамасымен Шиелі ауданына өз мамандығы бойынша жұмысқа келді. Сол кездегі атақты дәрігер Смайыл Кәрімбаевтың келісімімен хирургия бөлімінде ота жасаушы болып қызметке кірісті. Жас дәрігердің келешегінен үміт күткен Сәкең ақыл-кеңесін аяған жоқ. Оташы болу үшін адамға аққудың қауырсынындай саусақ, бүркіттің көзіндей көз, арыстанның жүрегіңдей жүрек керек. Бұл қасиеттер Ахметуллада бар еді.

ӨЗІ ДЕ, ӨМІРІ ДЕ ӨНЕГЕ

Дәрігер — адам өмірінің арашасы. Білімді, білікті дәрігердің аурудың жазылуына тәжірибиесімен, құрал-жабдықтардан басқа тұр-түсі, сөзі, ниеті, пиғылы, бүкіл болмысы дұрыс болуы керек қой. Ахметулла адамсүйгіш, жанашыр, таңдаулы оташы болды. Шәкірт тәрбиеледі, ақыл-кеңесін олардан аяған жоқ. Смайыл Кәрімбаев, Иманғали Әбдіқадыров ағалардан үйренген тәжірибесін қолдана білді. Өзі елді сыйлады, қызмет көрсетті, ел Аханды сыйлады. Аудан басшылары Орынбасар Бәйімбетов, Константин Васильевич Хван, Сайлаубай Әбішов, Лепес Жаниязов, Жолдас Сырғабаев, Өтеген Жәленов, Райымбек Нұртазаев, облыстық денсаулық сақтау бөлімінің басшысы Аманхан Сәдуақасов ағаларымен байланыста болды. Кейінгі кездерде Астана қаласындағы атақты дәрігер Юрий Пямен кездесіп көптеген сұрақты шешуге мүмкіндік алды.

Ахан кішілігі кісілігене сай, білімі біліктілігіне сай, әкөңіл, асқарқын жігіт еді. Қарапайымдылығы мен бас иіп амандасауы да ерекше болатын. Барлық жерде достары көп еді. Әріптес дәрігер достары Төрехан Сексенбаев, Лидия Сексенбаева, Рая Көзденова, Мыңжасар Болатов, Сәулет Рәшбаев, Райса Рашбаева, Кентай Мәдиев, Мырзағұл Дүйсекова, Сәуле Кикбаева, Нұржамал Кәрімова, Еркін Кәрімов, (Иван, Қоңырбаев Өбсәт), Шәймерден Тәшов, Закида Байдулаев, Жәкен Маханбеталиев, Илияс Төлеуов, Нұрмахан Есентаев, Баймаханбет Оспанов, Гүлзабида Ізбасканова, Ғабит Парманқұлов, Шахмардан Смайлов, Мадина Шермаханова, Қазбек Шәукебаев бірге қызмет атқарды. Төрехан Бектегенов мекеме басшысы болды. Мәлікке Ибраева Аханның ең жақын қызметтес қарындасы еді, бас медбике болып қызмет істеді.

«Шәкіртіз ұстаз тұл» демекші Мұхаш Әбдіхалыков, Ерман Құлманов, Лашын Дүйсеаманов, Берік Болатов, Сейіткамалдан ақылын аяған жоқ. Медицина институты қабырғасында бірге оқыған достары өз аймағымызда еңбек етті. Шахмардан Атбаев, Құралбай Жүнісов, Ақылбек Доспаңбетов, Петр Әбдіханов, Жаксыбай Баймырзаев жерлес бірге оқыған досы жиырма жыл басшылықта болды.

Айман Нақыпова — Ахметулланың жары. Ақтөбе медицина институтының 1977 жылғы түлегі. Шиелі ауданында дәрігер терапевт болып көп жыл қызмет етті. Инемен емдеу, терапиясын жүргізді. Қазіргі уақытта қырық екі жылдық еңбек өтілі бар. Рефлексотерапия және оналту маманы. С-дужко терапиясының негізін қалаған, Пан Пак Дже Ву-дың (Корея) халықаралық сертифициацияны иегері. Пак Дже Вудің кітаптарына енген.

Адамға берілер ең дұрыс, ең әділ, ең шешуші, ең басты баға — оның еңбекке деген көзқарасы, еңбек ету қабілеті.

Осы қабілетіне байланысты Ахметулланы емханаға басшылыққа сайлады. Емхана жұмысын аспай-аспай, лас жерді баспай, мекеменің үйдің мәселесін үндемей шешіп, басқара білді. Жетпегенін жеткізді, толмағанын толтырды, мекемедегілерді бөліп жарған жоқ. Туралық ата-тегінде бар. Адал қызмет істеді. Ақиқаттың ауылына ат байлады. Бұл күндері Ахметулла жұмыс істеген ауданның денсаулық сақтау мекемелері адам танымастай өзгерді. Жаңа емханалар, жұқпалы аурулар емханасы, ауылдарда амбулаториялар салынып жаңадан бой көтерді.

Кейде шіркін-ай, осы өзгерген өмірді Аханның көрмегеніне бір сәт ойланып қаламыз. Оташылардың бәрі осындай болса деп ойлаймыз. Ахметулланың артында екі ұлы, бір қызы бар. Үлкен ұлы Арыстан Алматыдағы С.Асфендияров атындағы медицина академиясын бітірген. Мамандығы хирург эндо-скопист, Ақтөбеде облыстық ауруханада дәрігер. Медицина саласының үздігі «Жыл дәрігері» атағын алған. Үш баланың әкесі.

Қызы Раушан психология ғылымын игерген. Он бір жылдық еңбек өтілі бар. Соңғы он жылда Қызылорда қаласындағы Q-Мед медицина клиникалар желісін басқарып келеді. Ұлы ата жолымен тіс дәрігері мамандығын бітіруші. Медицина академиясының түлегі.

Екінші ұлы Асқар Ахметуллаұлы. «Теңіз шевройл» мұнай компаниясының бас орталығында жетекші аудармашы. Үш-төрт тілді игерген. Төрт баласы бар.

Тамыз айының соңғы күндерінің бірінде Айман қазан айында ас берілетінін айтқан еді. Содан Аханның өзін көрген, білген достары мен әріптестері жайлы естелік жазуға бел будым да, қолыма қалам алдым. Әр дәуірде әр елдің, әр ауыл мен ауданның, аймақтың, әр қоғамның жақсысы мен жайсыны, асылы мен ардақтысы болатыны сөзсіз. Қаншама адамға ота жасап, олардың өмірін жалғап, кәсіби шеберлігімен, адамгершілігімен қызмет еткен осы Аханды өзін жазбағанда кім жазар деген ойда болдым. Қажыр-қайратын, іскерлігін көзіммен көрдім. Осы жақсы ойларымды, пікірлерімді көңілім түйдім. Егер Ахандай қажырлы, қабілетті, жаңашыл адамдардың қолын қақпай қазіргідей еркіндік бергенде, барлық өмірлік проблемалар оң шешімін табатыны сөзсіз еді. Дегенмен Ахан үлкен адамдық, азаматтық, ағалық жасампаз болмысынан еш айныған жоқ. Жақсы адамның өзі де, өмірі де, өмірден өтуі де өнеге. Күн де баталы, жұлдыз да сөнеді, түл де солады. Тал бесікке тиген арқа, жер бесікке де тиеді. Бұл табиғаттың қатал заңы.

Сәууар ЕСЕНҚҰЛОВ,
Қазақстан Республикасы
Білім беру ісінің құрметті
қызметкері, М.Алтынсарин
мемалінін иегері



деп зерттей түсіп, көптеп жазып, нәтижесінде араға жылдар салып, тарихи тұлға өз халқымен рухани қайта қауышты. Өкініштісі, кеңес өкіметінің билігі жүрген кезеңдерде оның, тіпті тұтас қазақ зиялыларының есімдері көлеңкелі таспада келгенін оқырман қауым жақсы білер.

Осы мақаламызда биылғы Қызылорда шаһарының елорда болған тарихи сәтіне бір ғасыр яки, 100 жыл толуына байланысты, шаһардың астана атануы жолында тарих орнатқан тұлғалар шоғырындағы Жалау Мынбайұлы турасында сыр шертсек дейміз.

Иә, тарихқа сәл шегініс етсек, 1925 жылы сәуір айының 15-19-ы күндері аралығында V Бүкілқазақ кеңестер съезінде елеулі оқиға болды. Жиында «Қазақ» атауы қайтарылып, еліміздің жаңа астанасы Ақмешіт қаласын «Қызылорда» деп атау жөніндегі тарихи құжат қабылданды. Осы тұста айта кетейік, Орынбордан кейін қай шаһар астана ретінде таңдалуы қазақ зиялылары арасында дау-дамай, қызу пікірталасқа ұласып, артыныша Сұлтанбек Қожанұлы бастаған зиялылардың ұсынысы ескеріліп, басым түсіп, Ақмешіт шаһары бірауыздан таңдалған-ды.

Елімізге белгілі каламгер Жолтай Әлмашұлы «Сұлтанбек Қожанұлы» атты тарихи еңбегінде мынандай дерек келтіреді: «Осек-аяң өз алдына, ал шынтуайтқа келгенде Сұлтанбек аса абыржуы болатын. Өйткені аты дардай Ақмешіттен жемеге келгенде съезд өткізетін дені дұрыс кеңсе орнын таба алмай сасқан. Келгелі бері қаласымақты әрі аралап, бері аралап, ақыр соңында Жалау Мынбаев екеуі мынадай келісімге келіп еді. Бұрын Қоқан хандығы өмір сүрген Сырдария өзеніне тақау тұста сары кірпіштен өрілген үш қабатты зәулім үй бар екен. Соны пайдаланыпқ десті. Алайда, онда бұл кезде жүйке ауруымен сырқаттанғандар емделіп жатса керек. Бірақ амал қанша, сырқат кісілерді уақытша қала түбіндегі Теренөзек елді мекеніне ауыстыруға тура келді. Бұған Жалау Мынбаевтың өзі тікелей басшылық жасады» деп жазған. Маңғыстаулық өлке-танушы, зерттеуші каламгер Әбілқайыр Спанұлы «Жалау Мынбайұлы» кітабының 55-56 беттерінде: «1925 жылдың көктемінде астананы Ақмешітке көшіру жөнінде төраға Жалау Мынбаев қол қойған арнаулы қарар қабылданды. Сұлтанбек Қожанұлының жұбайы Күлөданың естелігіне қарағанда, бұлар Ж.Мынбаевтықымен екі үй Орынбордан Ақмешітке сапарында бір вагонға мінген. Күлөнда — қазақтың аяулы қызы. Ерінің талайлы тағдырының ауыртпалығын бөліскен қаһарман әйел. Күлекеннің айтуынша, арнаулы поезд Ақмешітке жеткенше әлдене жерде аялдап, митингілер өткізген. Сонда С.Қожанов пен Ж.Мынбаев шығып елмен кездесіп, сөйлеп отырыпты. Жазушы С.Мұқанов «Өмір мектебінде» өзінің Ақмешітке осы поезбен келгенін баяндайды.

Ақмешітке келген соң Сұлтанбек пен Жалаудың отбасы бір үйдің екі жағына орналасқан. Басшыларға бөлінген үйге барудан бас тартды. Жәкеннің жаңа астанадағы қызметі Қазақ Орталық атқару комитетінің кезектен тыс бесінші съезін өткізуге дайындықтан басталады. Сол

Қызылордада тұңғыш рет Наурыз тойы жыл басы, ұлттық мереке түрінде 3 күн тойланды. Ол 23 наурызда өтті...» деген қызықты деректерді оқуға болады.

Ал осы жылдың сәуір айында «Сыр бойы» газетінде ҚР ҰҒА академнгі, белгілі ғалым Амантай Шәріптің «Қазақ «Қазақ» болғанда» атты тарихи-танымдық мақаласында да көптеген тың мәліметтер беріліп, Қызылорда атауы мен астана аталуы ахында төмендегі деректерді келтіреді: «БКП(б) Қазақ өлкелік комитеті бюросының 1925 жылғы 9 мамырдағы мәжілісінде V Бүкілқазақ кеңестер съезінде қабылданған Ақмешіттің атын — Қызылорда, Қырғыз Кеңестік Социалистік Республикасының атын Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы деп өзгерту туралы қаулыны бекіту үшін Бүкілодақтық атқару комитетіне ұсыныс жасау туралы С.Қожанұлы сөз сөйлеп, бұл істі аяғына дейін апару ҚазОАК төрағасы Жалау Мынбаев пен ҚазХКК төрағасы Н.Нұрмақовқа жүктелді (ҚР Президенті Архиві. 141-қор, I-тізбе, №13 сактау бірлігі). Нәтижесінде 1925 жылғы 15 маусымда БАОК «Қырғыз Автономды Социалистік Кеңес Республикасының атын Қазақ Автономды Социалистік Кеңес Республикасы деп өзгерту туралы» декрет, ал 24 шілдеде «Ақмешіт қаласының атын «Қызылорда» деп өзгерту туралы» қаулы қабылданды. Бұл құжаттың артында төраға Жалау Мынбайұлы мен хатшы Бекайдар Аралбаевтың қолтанбалары мәңгі өшірілместей тарих болып қалды.

Жәкеннің сенімді серіктесі болған, хатшы қызметін атқарған қайраткер Бекайдар Жантөреұлы Аралбаев 1925 жылдың 15 сәуірінде Ақмешіт қаласында бүкіл Қазақстан еңбекшілері өкілдерінің басын қосқан Қазақ АКСР Кеңестерінің V съезі салтанатпен ашылғанда осы кеңейтілген жиында ол Қазақ АКСР Атқару комитетінің хатшысы болып сайланады. Аралбаев Түркістан АКСР Ішкі істер халкомы, Республика Халық сотының төрағасы болады. Астананы Қызылордаға көшіруге белсене атсалысқан азаматтардың бірі. Қазақ Орталық Атқару комитетінің партия, кеңес аппаратын қазақыландыру (коренизация) жөніндегі комиссиясына басшылық етеді. Кейін түрлі қызмет сатыларынан өтіп, Голощекиннің құдалауына ұшырап, қамауға алынып, Красноярск өлкесінде 1952 жылы қайтыс болды.

Белгілі жалаутанушы, марқұм Сейсен Демеубайдың «Жалындап өткен жас ғұмыр» атты кітабында: «Ақмешіт атауы қызыл комиссарлар көңіліне қонбады. Бұл да принципті мәселе ретінде жатқызылып, түрлі атаулар ұсынылды. Соның бірі ұлттық бағытты көздеген қайраткерлер ұсынған Қызылорда еді. «Қызыл» мен «Орда» сөздерінен құралған бұл атау екі жақты да қанағаттандырған-ды. Ақыры осы дұрыс деп табылды. Съезд делегаттары да бірауыздан осы Қызылорданы қолайлы көрді.

Қызылорда — бүкіл қазақ жерін біріктірген кездегі тәуелсіздіктің тансәрісі болған еліміздің тұңғыш ордасы. Қасиетті қарашаңырақ. Басқосуда ұлт зиялылары мен Голощекин арасындағы алғашқы қайшы-



Адам өмірінің мәні өнегелі жолымен өлшенеді. Соңында ізгілікті ізі, саликалы ұрпақ, елдің ықыласы мен алғысын қалдырған жан нағыз бақытты адам. Осындай ардақты азаматтың бірі медицина саласының майталманы, білікті басшы, ұтымды ұйымдастырушы, халық құрметтеген абзал азамат, үздік дәрігер Файзрахман Жұмағұлов еді.

АБЫРОЙ БИІГІ АЛАСАРМАҒАН АЗАМАТ

Ол тағдырдың талай сынынан өтті. Әкесі Рахманберді Жұмағұлов 1941 жылы әскерге шақырылып, алдымен Шығысқа, кейін Батыс майданына жөнелтіледі. 1943 жылы ұрыс даласында хабарсыз кетті делінген «қаралы қағаз» келеді. Небәрі тоғыз жасында әкесінен айырылған ұлды өмір ерте есейтті. Соғыс жылдарының ауыртпалығы, жоқшылық пен қиындық бала жүрегіне салмақ салып, шырықтыра түседі. Түске дейін мектепке барып, түс қайта анасына көмектесіп, мал бақып, онжылдықты үздік аяқтап, алтын медаль алып шығады.

Карточкамен берілген азын-аулақ ас, жалғыз сиырдың сүтiмен күнелтсе де анасы баласын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай мәпелеп өсіреді. Қыстың көзі қырауда көмір сатып, жазда мал бағып, еңбектен бел жазбай жүріп, ұлының білім алуына жағдай жасады.

Файзрахман алдымен ҚазМУ-ге түсуге талаптанады. Құжаты уақытында тіркелмей қалады. Бірақ оған мойымай, Алматыдағы медицина институтының ректорына жолығып, таппынысының арқасында оқуға қабылданды.

Қайсарлық мектебі

Файзрахман Жұмағұловтың өмір жолындағы қызық та, күрделі кезең студенттік жылдары еді. 1950 жылы Қазақ мемлекеттік медициналық институтына оқуға түскен талапкер 1956 жылы емдеу факультетін ойдағыдай тәмамдайды. Алты жылдық азық білімдар жанға теориялық іліммен бірге тәзім мен қайсарлықтың мектебі болады.

Артынан ақша жіберіп тұратын жақыны да жоқ жігіт сол уақыт аралығында туған жері Қазалыға бар-жоғы төрт-ақ рет қана барады. Күнкөріс үшін демалыс кезінде теміржол маңына барып, түрлі қол жұмыстарын атқарып, қаржы тауып, өз қажеттілігін өзі өтейді.

Бірінші курстағы жатақханасы институттың спорт залы болады. Қырық төрт студент жатыпты. Бір адамдық төсекке екі студент қатар жатса, сегіз адамға бір ғана тумбочка берілген. Мұндай жағдайда өмір сүрудің қаншалықты қиын болғанын көзге елестетудің өзі ауыр. Кей күндері тек шай мен қарананға қарап күнелтуге тура келеді.

Жоқшылыққа жасымаған жігерлі жан институтты абыроймен аяқтап шығады.

Еңбек жолындағы қадам

Әкесі көзі тірісінде: «Баламды оқыт» дегенді нықтап тапсырған екен. Анасы осы аманаттың жүгін жықпай, ұрпағын білімге жетеледі. Ұлы институтты тәмамдағанда, көз жасын тия алмай «Аманатың орындалды, әкесі» деп қуанады.

1956 жылы жас маман ауданның ең үлкен колхозына жолдамамен келіп, ауылдық ұшкөлік ауруханаға бас дәрігер болып тағайындалды. Сондай-ақ ол сол кезде бекіт аудандағы жалғыз жоғары білімді медицина маманы болады.

Жағдайы жұтаң, тар әрі тартымсыз аурухана, орын тапшылығы жас дәрігердің жауапкершілігін одан әрі күшейте түседі. Елмен ақылдасып, халықты жұмылдырып, асарлатып жаңа аурухана салуға бастамашы болды. Бұл дәрігер еңбегіне халықтың сенімін күшейткен алғашқы қадам еді.

Ол өз ісіне мамандануда тынымсыз тер төгеді. Бір жолы сол тұстағы Денсаулық сақтау министрі келіп, дәрігердің жұмысына оң бағасын берген. Аудандық газеттің редакторы Әлмәмбет Әлішев «Жас дәрігер» атты мақала жариялап, маманның табандылығы мен біліктілігін халыққа танытады.

Мұнан соң облыстық ауруханада жұмыс істеп, тәжірибе жинақтайды. Қызылорда қаласында қызмет етіп жүрген жылдары досы Сұлтан Амановты үйіне жатқызып, екі балалы отбасының шағын ғана жалдамалы бөлмеден орын беруі де адамгершіліктің үлгісі еді.

Ф Жұмағұловтың жемісті еңбек жолы Терөнезек ауданында жалғасты. Екі жыл аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары қызметін атқарды. Осында жүргенде Мәскеуге төрт айлық білім жетілдіру тәжірибелік оқуға жіберіледі. Табанды еңбек етіп, үлкен тәжірибеден өткен маман туған жері Қазалы ауданына бас дәрігер болып жіберіледі. Бұл оның біліктілігіне, ұйымдастырушылық қабілетіне берілген зор баға еді.

Туған жерге қызмет

1962 жылдан бастап ауданның бас дәрігері ретінде үлкен жауапкершілікті мойнына алады. Бұл қызметті ол 1985 жылға дейін, жиырма үш жыл бойы абыроймен атқарды.

Ол қызметке келген кезде аудандық аурухананың жағдайы айтарлықтай емес еді. Ғимараттары ескі, науқастарға арналған орын саны аз, қадр тапшылығы тағы бар. Бір жүз отыз бес төсектік ауруханада он үш дәрігер ғана еңбек етеді. Терапия бөлімінде тіпті бірде-бір дәрігер болмаған. Бас дәрігер науқастарды өзі қабылдап, диагноз қойып, жұмыс үдерісінің үзілмеуіне үлес қосады.

Кездескен мәселелерді басшы бірнеше рет жиналыстарда көтеріп, жағдайды жан-жақты талқылап, жоғары жакқа дәлелді құжаттар жіберіп, ахуалдың дұрысталуына көмек сұрайды. Оның жастық жігерімен айтқан сындары кейде өзіне де тиіп жатады. Бірде бас бухгалтердің кеңесімен қосымша қаржы сұрағаны үшін облыстан арнайы комиссия келіп, аурухананы тексереді. Олар штаттың кестеле артық қызметкерлер бар деген желеумен қарапайым техникалық қызметкерлерден бастап санитарларға дейін қысқартуды талап етеді. Тіпті аурухананың шаруашылығында жүрген қара өгізді де «штаттық артық мүлік» деп жойып, ауданға бөлінген азғантай қаражаттан айыруға тұжырымдама шығарады.

Осындай қиындықтарға қарамастан бас дәрігер аудандық аурухананы еңселі мекемеге айналдыруға, халыққа

сапалы медициналық көмек көрсетуге бар күшін салады. Жылдар өте келе кадр мәселесі шешіле бастайды. Медициналық мамандар даярлайтын оқу орындарымен байланыс орнатып, жас мамандарды ауданға шақырады. Осылайша Қазалыға алғашқы қазақ дәрігерлерінің келуіне мұрындық болды. Бұрын жетіспей келген терапевт, педиатр, хирург сияқты негізгі салалардың мамандары дайындалды. Бұл – аудан халқы үшін оң өзгеріс еді.

Файзрахман Рахманбердіұлы аурухананың материалдық-техникалық базасын жанартуға да көп күш салды. Жоғары жактан қаржы, жабдық сұрап, әрбір мүмкіндікті тиімді пайдаланады. Оның табандылығының арқасында облыста бірінші болып, 1972 жылы стандартқа сай жаңа аурухана бой көтеріп, науқастарға арналған орындар саны артады. Жаңа ота жасау бөлмелері, зертхана, балалар бөлімі ашылады.

Жұмағұлов еңбек еткен жылдары аудандық аурухана тек Қазалы халқына ғана емес, көршілес аудандарға да қызмет көрсететін деңгейге жетеді. Жас дәрігерлерге тәлімгер болып, тәжірибесімен бөлісіп, олардың кәсібі өсуіне жағдай жасайды. Әсіресе ауылдық жердегі медицина пункттерінің жұмысын жандандырып, әрбір ауылды дәрігермен қамтамасыз етілуін басты назарда ұстайды.

Оның әділдігі мен іскерлігі емделушілер мен әріптестері арасында да үлкен абайоры әкелді. Өз ісінің білгірі қандай қиындық кездесе де, тиімді тетігін тауып, әр науқасқа мейіріммен қарады. Сондықтан да жұртшылық арасында: «Файзрахман дәрігердің сөзінен де, қолынан да шипа табылады» деген сөз жиі айтылды.

Ұзақ жылдар абыройлы еңбек еткен Файзрахман Жұмағұлов 1985 жылы құрметті зейнеткерлікке шықты. Бірақ ол өмірінің соңына дейін саланың дамуына, елдің өркендеуіне өз үлесін қосып өтті.

Үлгілі әулет

Жұмағұловтың өмірлік жары Пердегүл азаматын ардақтап, отбасының берекесін келтірген асыл ана, ардақты жан болды. Өмірін қызметке арнаған азаматты тұрмыстық жағдаймен титықтатпай, бала тәрбиесінде де жауапкершілікті өз мойнына алған.

Бірде балабақаша меңгерушісі қызы Индирадан: «Напан үйде мамаңа көмектесе ме?» деп сұрағанда, қыз: «Панпан үйде тек бөтенкесінің бауын өзі байлайды, қалғанын мамам істейді» деп жауап берітті. Баланың өмірді боямасыз қабылдайтыны бар. Естелікті «Қызымның бұл жауабы – әділ де әділетті баға» деп өзінің «Өмір өрнегі» атты кітабында жазды.

1988 жылы Мурманскіде әскери борышын өтеп жүрген ұлы Қайраттан хат келеді. Мәтінде: «Комсомолдың 70 жылдығына орай, Солтүстік теңіз құрылысшыларында қызмет етіп жүрген сарбаздардың аналарының слеті өтеді. Балаңыз міндетін абыроймен атқарып

жүр. Сол себепті Сізді осы слетке шақырамыз» делінген.

Қыстың ызғарына қарамай, Пердегүл слетке қатысып, төрде отырып сөз сөйлейді. Оның сөздері радио мен газет беттерінде жарияланып, үлкен қошеметке бөленеді. Тәртіпті қызметі мен жақсы мінез-құлқы үшін Қайратты мерзімінен бірнеше ай бұрын босатып, еліне жібереді.

Міне, осындай әмбебап жарына риза болған отағасы:

Пердегүл – батыр ана, бақытты ана, Дейді ғой халқың сені туған дара. Жүре бер денің сау боп ортамызда, Немере-шөберелер айналанда! – деп жүрекжарды тілегін арнаған екен.

Дәрігердің бар жан-тәнімен қызметке берілуінің басты себебі – осындай асыл жарының қолдауы болса, екінші жағынан ауялы Әлипа мен Алмаш аналардың өнегесі еді.

Жарасты жұптан он екі ұл-қыз дүниеге келеді. Бүгінде олардан 29 немере, 37 шөбере өсіп-өніп отыр. Балаларының барлығы дерлік жоғары білім алып, қазіргі таңда шетелдерде, Астана, Алматы, Қызылорда, Орал, Петропавл қалаларында еліміздің өркендеуіне үлес қосып жүр. Перзенттерінің ішінде ұлы Қайрат әке жолын жалғап, дәрігер мамандығын алып шықты. Бүгінде ол қалалық орталық емханада (облыстық кеңес беру-диагностика орталығы) ультралыбыспен зертеу бөлімінің меңгерушісі.

Ұрпақтары жыл құрғатпай, Қазалыға келіп, ағайын-туысына сәлем беріп, ата-бабаларының рухына Құран бағыштап тұрады. Биыл ұлы Болат жары Ләззатпен келсе, былтыр немерелері Салтанат, Аида, Мадина ата-бабасына садақа берген еді. Ал жақында ғана немересі, Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Жүсіп жанына Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары, қазалылық дәрігерлер династиясынан шыққан Ғ.Елеуовті ерте келіп, ауданның жетістіктерін көріп, атасы жұмыс жасаған аудандық ауруханаға барып, үлкендерге сәлем беріп, диаларласып батасын алып қайтты.

Алғыс алған, арымас

Файзрахман Жұмағұлов өзінің абыройлы болуының бір себебі – жанындағы жақын достары мен әшкерттерінің де ықпалынан екенін айтатын.

Біз ақылын алып, шекпенінен шыққан шәкірттері үшін Жұмағұлов үлкен үлгі. Белгілі медицина қайраткерлері О.Бекетаев, М.Жансейтов, А.Аманов, П.Қадырбаев, Ж.Сапарбаев, Б.Елеуова, А.Сисенов, Н.Мұратбаев С.Берденов, Т.Мүбәреков, А.Қадірбаев, Мырзалиевтер, Қ.Ысқақов, Ж.Сүйеубаев, С.Әлиев, Ж.Сембиев, С.Мұстафаев сынды дәрігерлер осы ағамыздың мектебінен шыққан тұлғалар.

Еңбек елеусіз қалған жоқ. Ол – Қазалы ауданының Құрметті азаматы, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалінің иегері, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген дәрігері, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, Көптеген алғыс хаттар мен құрмет грамоталарының иегері. Бірнеше мәрте депутат болып сайланып, съездерге қатысқан. Алматы қаласы мен Алматы ауданында өткен «Үлгілі отбасы» байқауында да топ жарды.

Биыл ардақты азаматтың өмірден өткеніне бес жыл толып отыр. Ендігі кезекте оның есімін мәңгілік қалдыру үшін Әйтеке би кентінен көше атуын, аудандық ауруханаға есімін беру, аурухана алдына бюстің орнату мәселелері тұр. Бұл бастамаларды аудан халқы, медицина ардагерлері мен қызметкерлері қолдап, тиісті органдар оң шешім қабылдайды деп сенеміз.

Сержанқожа БЕРДЕНҰЛЫ,
Денсаулық сақтау саласының ардагері, Қазалы ауданының құрметті азаматы,
ҚР Журналистер одағының мүшесі

Қаржылық есептілік аудитінің мақсаты түсіндірілді

Осы жылдың 21 қазанында облыстық қоғамдық даму басқармасында «Қаржылық есептілік аудитінің мақсаты» тақырыбында семинар өткіздік. Семинарда қаржылық есептілік аудитінің мәні мен маңызы, оның негізгі мақсаттары мен міндеттері жан-жақты талқыланды.

Атап айтқанда, аудиттің негізгі мақсаты қаржы жағдайы, қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің дұрыстығы мен анықтығын тексеру, ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметіне объективті баға беру, сондай-ақ мүдделі тараптарға сенімді ақпарат ұсыну түсіндірілді.

Сонымен қатар, мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік қызметтері, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі саласындағы заңнаманың сақталуын, қаржыландыру жоспарының орындалу барысын, ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен және тұлғалармен есеп айырысуында жағдайын, ақша қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуын бақылау үшін мемлекеттік мекемелерді бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері толық және нақты ақпаратпен қамтамасыз етуі тиіс екені айтылды.

Қаржылық есептілік аудиті Қаржы министрінің бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы», «Қаржылық есептілік аудиті» рәсімдік стандарттары, «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» талаптарына және ұсынылған құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

Семинарға қатысушылар белсенді пікір алмасып, қойылған сұрақтарға жауап алды. Бұл іс-шара тыңдаушылардың кәсіби біліктілігін арттыруға және аудит саласындағы теориялық әрі практикалық білімін тереңдетуге ықпал етті.

Нұрсұлтан СҰЛТАНБЕКОВ,
облыс бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті қаржылық есептілік аудиті бөлімінің бас маманы, мемлекеттік аудитор

«Сыр бойы»,
«Қызылординские вести»,
«Ақмешіт апталығы»,
«Ақмешіт жастары» және
аудандық басылымдарға
хабарландыру
орналастырғыңыз келсе:
70-00-52 телефоны арқылы
байланысуға болады.
E-mail: sm-janama@yandex.kz

Қызылорда облысының әкімдігі 2025 жылдың III тоқсанында табыстаған жер учаскелері туралы ақпарат							
№	Жер учаскесі табысталған тұлғаның атауы	негізгі	Нысаналы мақсаты	Аланы, гектар	Орналасқан жері	Құқық түрі	Жалға алу мерзімі
1	«Бейнеу-Шаммет газ құбыры» ЖШС	ҚР Жер кодексінің 37-бабының 2-тармағы	вахталық қалашығы бар «Сексеуіл» жөндеу-пайдалану учаскесі үшін; «Сексеуіл» жөндеу-пайдалану учаскесіне кірме жолы үшін; «Арал» компрессор станциясын пайдалану үшін; «Арал» компрессор станциясына дейінгі ВЛ-10 кВ электр желісі үшін; «Сексеуіл-Арал» компрессорлық станциясынан «Сексеуіл» жөндеу-пайдалану учаскесіне дейінгі ВЛ-10 кВ құрылысы және пайдалану үшін, №1 учаскесі; «Сексеуіл-Арал» компрессорлық станциясынан «Сексеуіл» жөндеу-пайдалану учаскесіне дейінгі ВЛ-10 кВ құрылысы және пайдалану үшін, №2 учаскесі; «Қорқыт Ата» компрессор станциясын пайдалану және ВЛ-10 кВ құрылысы мен пайдалану үшін; вахталық қалашығы бар «Ақсуат» жөндеу-пайдалану учаскесі үшін; «Ақсуат» жөндеу-пайдалану учаскесіне кірме жолы үшін; «Ақсуат-Қорқыт Ата» компрессорлық станциясынан «Ақсуат» жөндеу-пайдалану учаскесіне дейінгі ВЛ-10 кВ құрылысы және пайдалану үшін, №1 учаскесі; «Ақсуат-Қорқыт Ата» компрессорлық станциясынан «Ақсуат» жөндеу-пайдалану учаскесіне дейінгі ВЛ-10 кВ құрылысы және пайдалану үшін, №2 учаскесі; «Қорқыт Ата» компрессор станциясына дейінгі ВЛ-10 кВ электр желісі үшін, №1 учаскесі; «Қорқыт Ата» компрессор станциясына дейінгі ВЛ-10 кВ электр желісі үшін, №2 учаскесі; «Қорқыт Ата» компрессор станциясына дейінгі ВЛ-10 кВ электр желісі үшін, №3 учаскесі; «Қорқыт Ата» компрессорлық станциясына дейінгі кірме жолы үшін; вахталық қалашығы бар «Қараөзек» жөндеу-пайдалану учаскесі үшін; «Қараөзек» (КС-4) компрессорлық станциясынан «Қараөзек» жөндеу-пайдалану учаскесіне дейінгі ВЛ-10 кВ құрылысы және пайдалану үшін, №1 учаскесі; «Қараөзек» (КС-4) компрессорлық станциясынан «Қараөзек» жөндеу-пайдалану учаскесіне дейінгі ВЛ-10 кВ құрылысы және пайдалану үшін, №2 учаскесі;	102,7912	Қызылорда облысының Арал ауданы, Қазалы ауданы, Сырдария ауданы	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалпау) құқығы	2045 жылдың 1 қаңтарына дейін
2	«ПетроКазакстан Ренмере Инко» компаниясы	ҚР Жер кодексінің 37-бабының 2-тармағы	көмірсутек шикізатын өндіру үшін; көмірсутек шикізатын өндіру үшін №1 учаскесі; көмірсутек шикізатын өндіру үшін №2 учаскесі; көмірсутек шикізатын өндіру үшін №3 учаскесі; №24 мұнай ұңғымасы және оған кірме жолы үшін; №13 мұнай ұңғымасы үшін; №47 мұнай ұңғымасы және оған кірме жолы үшін; №20 мұнай ұңғымасы және оған кірме жолы үшін; №49 мұнай ұңғымасы және оған кірме жолы үшін; көмірсутек шикізатын өндіру үшін; көмірсутек шикізатын өндіру үшін №1 учаскесі; көмірсутек шикізатын өндіру үшін №2 учаскесі; көмірсутек шикізатын өндіру үшін №3 учаскесі;	1691,11	Қызылорда облысының Жалағаш ауданы, «Солтүстік-Шығыс Дошан» кенті, «Отүстік Дошан» кенті, «Отүстік-Шығыс Дошан» кенті, «Отүстік-Шығыс Дошан» кенті, «Отүстік-Шығыс Дошан» кенті, «Отүстік-Шығыс Дошан» кенті;	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалпау) құқығы	2026 жылдың 27 наурызына дейін, 2046 жылдың 09 қазанына дейін

Жарқын жүзді ардақты жан

Әулетіміздің ақжарқын келіні, балаларының аяулы анасы, немере-шөберелердің сүйікті асыл әжесі болған Әмзеева Галина Палманқызы 2024 жылдың 9 қарашасында дүниеден озған еді.

Галина Палманқызы 1962 жылы ағамыз Әмзеев Әбдіғалимен шаңырақ көтеріп, дүниеге екі ұл, үш қыз әкелді. Әбдіғали екеуі бір шаңырақ астында мағыналы ғұмыр кешіп, балаларына тәлімді тәрбиесін беріп, жоғары оқу орындарында оқытып, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере-шөбере сүйді. Адамгершіліктің бар мәйегін бойына жинап дарытқан ерекше қасиеттері көп болатын. Ол барынша қарапайым, сыйпайы, кең пейіл, қазақ әйелдеріне тән – отағасын шаңырақтың иесі, пірім деп санайтын. Ұлттық әдет-ғұрпымызды, дәстүрімізді берік ұстанды. Ананы құрметтеу тәрбиелік мәні зор заңдылық деп сезінген Галина енесін өз анасындай



өсіп-өнген өнегелі ұрпағы қалды. Аяулы жанның жылдық асы 26 қазан күні беріледі. Оқылған дұға кабірін нұрландырып, жатқан жері жайлы, иманы жолдас болсын дейміз.

Еске алушы:
қайынысы Мәдетбайұлы Жалғас

Хабарландыру

Құрметті «Керейт» фермер қожалығының үлескерлері! Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының өңдірісінде талапкер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитеті Қызылорда облысының жер ресурстарын басқару департаменті тарапынан Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылған жер учаскесін жауапкер «Керейт» фермер қожалығынан мәжбүрлеп алып қою туралы талап қою арызды бойынша азаматтық іс қаралады.

06.11.2025 жылы сағат 09:30 азаматтық іс бойынша сот отырысы тағайындалған. Осыған орай, құрметті «Керейт» фермер қожалығының үлескерлері сот отырысына қатысуларыңызды сұраймын.

ЕГЕМЕНДІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ:

еркіндік және жауапкершілік



Егемендік декларациясы тәуелсіздікке бастаған саяси қадам болғаны сөзсіз. Тарихқа зер салсақ, бұл маңызды құжаттың қабылдануы оңай болмаған секілді. Мәселен, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты (1990- 1994 ж.ж.) Рымбек Жүнісов: «Көбісі: «Соғыссыз, революциясыз қолымызға келген бұл бір жақсылық қой» деп ойлайды. Жок, олай емес! 360 депутаттың пікірталасын телевидение 100 процент бермейді. Кішкене үзінділерді ғана берді. Халық көбісін білмейді. Сол уақытта талқылаған мәселелерде көнбей шығып кеткен азаматтар болды. «Біз дауыс бермейміз» деп. Осы пікірден-ақ сол кездегі жағдайдың қаншалықты күрделі болғанын байқауға болады» дейді.

Декларацияның қабылдануы тарихи сәт еді. Ол мемлекеттің ілгері қарай дамуына жол ашты. Маңызды құжаттың қабылдануы мен оның мақсаты туралы сауалнама ұйымдастырған едік. Редакция сауалнамасына тарихшылар мен құқықтанушы, саясаттанушы ғалымдар қатысты.

- Егемендік декларациясы Қазақстан тарихында қандай рөл атқарды?
- Маңызды құжат жайында жастар нені білуі тиіс?

Ерлан Алтаев, заң ғылымдарының кандидаты, облыстық адвокаттар алқасының адвокаты:

– Егемендік декларациясы Жоғарғы Кеңестің 12-шақырылымы кезеңінде 360 депутаттан тұратын корпусқа қабылданған. Сол кезде төрағалық еткен Ерік Асанбаев болды. Құжатқа көптеген мәселелер ұлттық тағылымға толы екенін, депутаттардың қатарында өзге ұлт өкілдерінің саны жартысынан көп бола тұра қабылдануы – бүгінгі біздер үшін үлкен жұлбық.

Егемендік декларациясы Жоғарғы Кеңестің екінші сессиясында, яғни 1990 жылдың 15 қазанында ұсынылған. Құжаттың мәтіні жаз айларында дайындалған. Халық назарына басылымдар арқылы 17 қазанда ұсынылған. Ол кезде баршаға мәлім, басылымдарды қалт жібермейтін үздіксіз оқырман қауым, бұл жаңалықты қалай қабылдады екен? Бұл да зерттеуді талап етеді. Бар болғаны 10 күн ішінде қабылданды.

Бір жиында тарих ғылымдарының кандидаты Сағатбек Тамшыбайұлы құжатты талқылау 18 сағатқа созылған деседі. Ойландыратын факт, қазіргі таңда мұндай ұзақ уақытта құжаттар талқыланды, Егемендік декларациясы небәрі 17 баптан ғана тұратынын ескерсек. Тағы бір дүние, кейбір ақпарат көздерінде 15 одақтас елдер ішінде ең соңынан қабылдапты. Сондықтан да оңай болды деседі. Оны байқау үшін салыстырмалы талдау жасауға да болады. Біз үшін оның мазмұнындағы әрбір норма тайға таңба басқандай жазылған. Тіптен айтқым келетіні алашордалықтардың Конституциясы саналатын бір құжатпен осыдан 10 шақты жыл бұрын Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінде танысқаным бар. Оған менің назарымды аудартқан Асхат Сайлау деген мықты тарихшы ғалым, сол музейдің қазіргі ғалым-хатшысы болатын. Екеуміз танысып тұрғанымызда ол құжаттың мінсіздігіне сол кезде таңғалған едім. Егемендік декларациясы – мемлекеттіліктің бастауы.

Егемендігімізді жар салу ол заманда оңай болды деп айту дұрыс емес. Көпұлтты мемлекет екенімізді ескерсек, сырттағы емес, іштегі ахуал күрделі шиеленістерге ие кезеңде тіл, жер, қауіпсіздік, ұлттық мәдени құндылықтар, құқықтық дербестік секілді мәселелерді бекіту бұл құжаттың маңыздылығын одан әрі арттыруы тиіс.

25 қазан – Республика күні болып, оған

жоғары мән беріп, ұлттық мереке статусы ретінде бекітіліп, еліміздің барлық өңірлерінде салтанатты жиындар, конференция, дөңгелек үстелдер өткізілуде. Қазақ елі жұртшылығы тарапынан бұл бастама қолдау тапты. Осы күнге арналған шараларда Егемендік декларациясы қызу талқыланып, оның маңыздылығы артууда.

Алда осы декларацияның қабылдану кезеңінде, оның мазмұнын дайындаған, әрбір бабына, тіпті әр сөзіне күрес жүргізген тұлғалардың есімдері барша жұрт алдында аталып, ерліктеріне тағзым жасау үшін ғылыми зертеулер жүргізуді талап етеді. Жұртшылық білуі тиіс. Сабақтастық дегеніміз осы болар, сірә.

Қуаныш Жарекеев, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, заңтану магистрі:

– Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханұлы өткен ғасырдың басында: «Біздің іздегеніміз – Алаштың аты бәйгеден келгені. Тірі болсақ, алдымыз үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар» деген екен. Алаш көшбасшысы айтқан ұлы той – Қазақ елінің Мемлекеттік егемендігі туралы декларация жарты ғасырдан астам уақыт өткен соң қабылданып, ансаған азаттыққа қарай алғашқы қадам жасалғаны белгілі.

Декларацияның ел тарихында қандай рөл атқарғанына тоқталсақ, мемлекет және құқық үшін маңызды құжат ретінде, ең жоғарғы өкілді орган Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1990 жылы 25 қазанда қабылдағанынан бастағанымыз жөн сияқты. Ол республика Конституциясы мен заңдарының үстемдігін және алғаш рет республикалық билік органдарының басымдығын белгіледі. Сондай-ақ өзінің ішкі әскер, мемлекеттік қауіпсіздік органдары, қаржы-несие және салық жүйелерін, азаматтық институттардың құқығын бекітті. Бұл еліміздің тәуелсіздік пен егемендікке жету жолындағы басты қадамы, оның мызғымас іргетасы болды.

1990 жылы туған балалар қазір 35 жасқа толған екен. 35 жыл – бір ұрпақтың ауысатын уақыты. Елдігіміздің іргетасы болған Мемлекеттік егемендік туралы декларация Конституциямыздың қабылдануына негіз болып, ұлттың тынысын ашты. Бүгінгі тәуелсіз елде өмір сүріп жатқан ұрпақ – бақытты ұрпақ деп айтар едім.

Декларациядағы қағидалардың арқасында Қазақстан бүгінде халықаралық қатынастардың сенімді және беделді қатысушысы атанды. Мемлекеттердің пайда болып, қалыптасуы егемендік туралы декларация қабылдаудан басталатыны тарихтан белгілі. Ол – егемен ел болудың

мақсаты мен мәнін көрсететін маңызды құжат. Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қабылдануы біздің заңды түрде дербес мемлекет атанғанымызды білдіреді. Бүгінде өзгелер бізді өз пікірі қалыптасқан, қуатты мемлекет ретінде таниды, яғни бізді әлемдік аренада беделі асқан елдердің бірі деп біледі. Бұндай деңгейге жету үшін конституциялық құрылыс қалыптасуы қажет болды. Ал декларацияны еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы ең алғашқы конституциясы десек, қателеспейтін шығармыз.

Егемендік декларациясы жастардың бойына тәуелсіздік рухын сіңіріп, осы арқылы өз елін, тілін, тарихын құрметтеуді үйренеді. Әр жастың азаматтық санасы, құқықтық мәдениеті қалыптасып, еліміздің дамуына үлес қосады, еркін ойлап, даму мен жаңашылыққа ұмтылады.

Шырыңкүл Тұхмарова, саясаттану ғылымдарының кандидаты:

– Егемендік Декларациясы 1990 жылы 25 қазанда қабылданды. Бұл құжатқа Ерік Асанбаев тұңғыш рет қол қойған. Оның қандай тарихи маңызы бар деген заңды сұрақ қойылатын болса, Кеңес Одағының құрамынан шығып, тәуелсіздікке бет бұрудың алғашқы қадамы дер едім.

Мемлекеттік егемендігі туралы декларация Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде мемлекеттілігінің негізін қалаған алғашқы әрі шешуші құжаты болды. Бұл елдің егемендігін жариялап қана қоймай, саяси және құқықтық жүйенің жаңа бағытын айқындады. Елдегі құқықтық сабақтастықты қамтамасыз етіп қана қоймай, оның тәуелсіз мемлекет ретінде дамуына жаңа серпін берді. Тәуелсіздік пен егемендік ұғымдарын заңнамалық жүйеге енгізу арқылы Қазақстан халықаралық құқық талаптарына сай, тұрақты және тиімді құқықтық жүйе қалыптастыруда маңызды қадам жасай алды.

Егемендік декларациясы – жастардың тарихи санасын қалыптастырады, ұлттық рухын, елге деген жауапкершілігін нығайтатын құжат. Оны білу Қазақстанның тәуелсіздікке қалай жеткенін, қайдан бастау алғанын, қай бағытта дамып келе жатқанын түсінуге көмектеседі. Отанға деген сүйіспеншілікті, елге деген патриоттық сезімді күшейтеді. Азаматтық жауапкершілікті қалыптастырады.

Егемендік дегеніміз – еркіндік пен жауапкершілік. Жастар бұнын мәнін ұғыну арқылы елдің дамуына үлес қосуға ұмтылады. Өскеген ұрпақты қазақ халқының құндылығын құрметтеуге үйретеді.

Сауалнаманы әзірлеген
Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

/// 24 ҚАЗАН – КІТАПХАНАШЫ КҮНІ



КІТАПХАНАШЫЛАР ЕҢБЕГІ БАҒАЛАНДЫ

Үкімет қаулысымен 2022 жылдан бері 24 қазан – Кітапханашылар күні аталып өтеді. Биыл мерекеге орай Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Кітапханашы – мәртебелі мамандық» тақырыбында салтанатты іс-шара өтті.

Фойеде аудан және қала кітапханаларының жетістіктерін, инновациялық жобаларын айшықтайтын көрме көпшілік назарына ұсынылды. Аймақ кітапханаларының тарихы мен тыныс-тіршілігі, сондай-ақ кітапханашы мамандығының беделін арттыруға бағытталған көрме өзара тәжірибе алмасуға өзек болды.

Салтанатты жиында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Жанұзақов, облыстық кітапхана директоры Нұрлыбек Мыңжас кітапханашыларды төл мерекесімен құттықтап, марапат табыстады.

Мереке аясында бір топ кітапханашы ҚР Мәдениет

және ақпарат министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісін, Қазақстандық Кітапханалық одақтың «Қазақстанның Құрметті кітапханашысы» төсбелгісін, ҚР Ұлттық кітапханасының, облыс әкімінің Алғыс хатын иеленді.

Одан бөлек, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Алғыс хаты, «Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлері кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің «Еңбек данқы» төсбелгісі сияқты марапаттар берілді.

Мерекелік жиын мәдениет саласы өкілдерінің концертіне ұласты.

«СБ» ақпарат

ШВЕЙЦАРИЯДА ШЫРҚАЛҒАН ӘН

Қазанның 23-24 күндері Республика күніне және Қызылорда қаласының Қазақ АКСР-не астана болғанына 100 жыл толуына орай, облыс әкімінің қолдауымен Швейцарияның Женева, Берн қалаларында Сыр өнерпаздарының концерті өтті.



Концертке Швейцариядағы шетелдік елшіліктердің басшылары мен қызметкерлері, зиялы қауым өкілдері, Женева және Берн қалаларындағы қазақ диаспорасы, білім алушы студенттер мен жергілікті тұрғындар қатысты.

Мереке аясында облыста ауқымды мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылғаны белгілі, енді оның легі шетелде де жалғасуда.

Бұл концерттің мақсаты – қазақ мәдениетін, ұлттық өнерді, Сыр өңірінің жыраулық дәстүрін әлемге таныту. Оған ұлттық музыканың жауһарларын төрткүл дүниеге паш еткен халық аспаптар, «Томирис» би ансамбльдері, айтыскер акын, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері М.Ниязов, «Құрмет» орденінің иегері Ү.Медетов, қазақ эстрадасының жарық жұлдызы Қ.Мейрамбек, Мәдениет саласының үздіктері А.Шағдатов, М.Мақұлбек-ов, дәстүрлі орындаушылар

Ә.Қуанбаев, Т.Өтепова, айтыскер-акын Б.Орынбасар, Халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаттары М.Аманжолов, А.Шадаев, А.Махамбетжан, А.Әбді, А.Төреғали және М.Жантөре, А.Шүкіров, Ж.Жұмабек, Ж.Қайыпбергел, Н.Рүстемұлы, З.Нысанбаев, Т.Аяпова қатысып, өнер көрсетті.

Гастрольдік сапар аясында көрерменге концерттік бағдарламамен қатар, қазақтың ұлттық тағамдары, ұлттық нақышта жасалған сый-сияпат ұсынылды. Жұртшылық таным мен тағылымға толы кеш сыйлағаны үшін сырбайлық өнерпаздарға алғыс білдірді.

Айта кетейік, осы жылы Наурыз мерекесінің тарихи және мәдени маңызын түсіндіру, әлем жұртшылығына таныстыру мақсатында Испания, Финляндия, Эстония мемлекеттерінде Сыр өнерпаздарының концерті өткен болатын.

Газетіміздің келесі саны 30 қазан, бейсенбі күні шығады.

Меншік иесі СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)	Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)	Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (<i>сенбілік екі нөмір</i>) күндері шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».	e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz	Таралымы 22018	Тапсырыс №1814
Кезекші редактор Ержан ҚОЖАС			